

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

5/2014 МАМЫР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Зәуреш ҚАЙЫРОВА.	Ғылыми ойлар отауы Оқу мен жазу, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ауызекі тілін дамыту.....3
Кұлайым ӘДІЛОВА.	Жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі.....17
Гүлнар МАСАБЕК.	Лиро-эпостық жырлар – жеке тұлғаны дамытудың негізі.....24
Гүлия БЕКБОЛТАЕВА.	В мире педагогики Новые подходы в преподавании и обучении.....32
Қарлығаш ҚҰРМАНОВА.	Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті «Алтын сақа» ертегісі.....44
Тоты ЖАЛПЕВА.	Ақан сері әндері.....48
Күлжамал ЖҰМАТҚЫЗЫ.	Пәнаралық байланыс поштасы Экологиялық апатты аймақтар.....53
Айжан ӘЛПЕКОВА.	Туған жеріміздің табиғаты.....56
Қамажай ҚЫДЫРӘЛИЕВА.	Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары.....63
Гүлнар САҒЫНДЫҚОВА.	Табиғатты қорғайық.....67
Раушан САҒАТБЕКОВА.	Әдістеме әлемінде: қазақ тілі Сөздік қоры бай Қаныш Сәтбаев.....71
Жанна ЖҮЛҚАШЕВА.	Синонимшіл адал дос.....74
Айсұлу НӘЛИЕВА.	Нәтиже сабақта – қазақ отбасы.....80
Күлбағаш КӨШКІНОВА.	Ой айтқыш Жак ив Кустоның пікірі.....91
Айгүл СЕМБАЕВА.	Егістікті мамандық түрлері.....95
Жұмабала ОМАРОВА.	Тілді жетілдірген қорықтар.....101
Алма БАЗАРБАЕВА.	Жаңа сөздері мол Бәйтерек – Астана.....106
Майра ОҚАПОВА.	Іздендіретін қатыстық сын есім.....115
Анар МҰҚАШЕВА.	Ана тілі – ұлт тілі.....122
Гүлнар КЕНЖЕБЕКОВА.	Бастауыш білім бағанасы Мен не білемін?.....129
Шолпан АҒМАНОВА.	Әдеби кеш «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».....135
Айнұр ШӘКІРОВА.	Сыныптан тыс тәлім Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ.....140

Зәуреш ҚАЙЫРОВА,
Ақмола облысының
Щучинск қаласындағы
№3 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУ МЕН ЖАЗУ, СЫНИ
ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ
ТІЛІН ДАМЫТУ

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине, терең білім де, материалдың игеруге қолайлылығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістемелік мақсаты – қалай оқыту мәселелерін қарастыру. Орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Мен үшін ең басты

мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Менің өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген тиімді жаңа технологияның бірі – “Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясы. Себебі, бұл технология жоғарыда айтылып кеткен жұмыс түрлерін іске асыруға өте тиімді. СТО дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген – Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты – барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарымның біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. СТО–сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға,

жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жететініне және тіл байлықтарының дамуына көп пайдасы бар екендігіне осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткізіп келемін. Осы технологияны қолданудағы **менің басты мақсатым** – оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытып, өтетін тақырып мазмұнын тереңінен ашып, өздері ой қорытындысын жасай алуға дағдыландыру, шығармашылыққа баулу. Осы технологияның әр түрлі стратегиялары білім беру жүйесінде нәтижеге жеткізетіндігін байқадым. Сонымен қатар, сынып оқушыларының тілге деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамытуға көп көмегін тигізді. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. **Міндетім** – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілеті толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілетті мұғалім байқамаса, ол бала басқа оқушылармен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстарды жүргізу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті сабақта тапсырмаларды қызықты етіп құрап, оқушылардың қызығушылықпен орындауларын қадағалау қажет.

Мысалы, мен қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқулықпен ғана шектеліп қалмай, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін стратегияларға қоса әр түрлі қызықты ойындар мен сөзжұмбақтар, мақал-мәтелдерді қолдану өте тиімді дер едім.

СТО технологиясын сабақ барысында қолдана отырып ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру тәсілдері.

Нағыз сабақ, ол – әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Мен өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін төмендегі әдістерді жүйелі түрде қолданып келдім:

сұрақ-жауап әдісі – бұл ең тиімді әдіс, оқушылардың көру қабілеттерін ойлау қабілеттерімен ұштастыра дамыту;

өз ойын айту әдісі – оқушылардың ойлану, ойлау үрдісі арқылы ойын ауызша жүйелі айтып беруге дағдыландыру;

жағдаят арқылы сөйлесу – сөздер, сөз тіркестерін, сөйлем құрау, болған, көрген, естіген уақиға жайлы айтып жеткізу.

Мысалы: сурет бойынша әңгіме құрастыру.

баяндау әдісі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетінше сөзге дағдыландыру;

сұхбаттасу әдісі – оқушылардың өз ойларын сыртқа мәнерлі, жүйелі түрде беруге үйрету;

монолог әдісі – оқушылардың өз білім деңгейлеріне сай өз ойларын айтқызуға ұмтылдыру;

аударма әдісі – екі тілде де жазуды, оқуды, сөйлеуді үйрететін пайдалы әдіс:

1) кейбір жеңіл мәтіндерді бірден қазақшадан орысшаға аудару арқылы;

2) сөздік жұмыстарын жүргізу арқылы аударту;

3) орысшадан қазақшаға аударту біраз қиынырақ, сондықтан ол мұғалімнің көмегімен жүзеге асады.

Міне, осы жоғарыда көрсетілген әдістерді бүгінде СТО технологиясымен ұштастырып қолданамын. СТО бағдарламасы **қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой-толғаныс** кезеңдерінен түзіледі.

Үйрену үдерісі – бұрынғы және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау”, «ББҮ стратегиясы» деген аттары бар әдістер жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни,

айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Мысалы: қазақ әдебиеті сабағында көбіне мынадай стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіруге баса назар аудардым.

Қызығушылықты ояту. ББҮ стратегиясы арқылы ой қозғау.

Тақырып: «Әдебиет – асыл сөз»

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Оқушылар берілген кестені толтырып, жаңа тақырып бойынша ой қозғап, өзінің бұрынғы білімін еске түсіріп, сабақ соңында жаңа ақпаратпен толықтырады. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның **екінші кезеңі мағынаны ашу** (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі – INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V» – **білемін**, «—» - **мен үшін түсініксіз**, «+» -**мен үшін жаңа ақпарат**, «?» – **мені**

таң қалдырады белгілерін қойып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп, сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни, байланыстар құруға дағдыландырады.

«INSERT» стратегиясы:

Ү – білемін;

- білгеніме сәйкес емес;

+ жаңа ақпарат;

? тереңірек білгім келеді, зерттегім келеді.

Тақырып: «Ыбырай Алтынсарин».


Ү	-	+	?
Ыбырай Алтынсарин – ұлы ұстаз,	Балқожа бидің тәрбиесінде болған.	«Қазақ хрестоматиясы» деген оқулықтың авторы.	Отбасы туралы білгім келеді.

Тақырып туралы **ой-толғаныс** – бағдарламаның **үшінші кезеңі**. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға

сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

“Венн диаграммасы” – оқушылардың сабақ соңында өз ойларын қорытып шығаруға, екі заттың айырмашылығы мен ұқсастығын салыстыра алуға үйрететін, тіл байлықтары мен сөздік қорларын байытатын тиімді әдістің бірі. Көбіне, сабақтарымыда осы әдісті жиі қолданамын.

1. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетті Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар.



“Бес жолды өлең” стратегиясы:

Бірінші жол – тақырыпты сипаттайтын басты сөз.

Екінші жол – мәтін мағынасын ашатын екі сын есім.

Үшінші жол – мәтінмен байланысты үш етістік.

Төртінші жол – төрт сөзден тұратын сөйлем.

Бесінші жол – басты сөзге синоним болатын бір сөз.

Бұл әдіспен оқушылар қызыға жұмыс жүргізеді әрі үнемі қазақ тілімен пәнаралық байланыс жасап, грамматиканы еске түсіріп отырады. Осы аталған әдіс бойынша «Толағай» ертегісімен жұмыс жүргізгенде оқушылар төмендегі өлең жолдарын шығарды:

1. Толағай.
2. Батыр, ақылды.
3. Ойнайды, арқалайды, көмектеседі.
4. Толағай елінің қамын ойлайды.
5. Батыр.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой-толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін, т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге

үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасын қолдануда менің байқағаным – бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, тіл байлықтарының дамуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, білімдері тереңдейді.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

1. Сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары:

1. Психологиялық дайындық.
2. Ой ашар.
3. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

- а) Ой қозғау.
- ә) Өзіндік жұмыс.
- б) Түртіп алу — + ? v (INSERT)

II. Мағынаны тану сатысы.

1. Топпен жұмыс.
2. Бес жолды өлең.

III. Ой-толғаныс сатысы.

IV. Қорытынды

1. Венн диаграммасы.
Бес жолды өлең.
2. Бағалау.

3. Үйге тапсырма.

Рефлексия.

СТО дамыту сабақтарының негізінде оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдауға, ынтымақты қарым-қатынас орнатуға;
- өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Мен жұмыс жасап отырған технология мен дәстүрлі сабақтан шығатын нәтижені мына кесте арқылы салыстыруға болады:

Дәстүрлі сабақтар: мұғалімнің әдістері, оқушының іс-әрекеті, тақырыпты түсіндіреді, мазмұнын айтып береді, кейіпкерлер туралы айтып береді, кейіпкерге мінездеме береді, оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады, мәтіннің көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді, мәтіндегі негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады, тақырыпқа шығарма жазуды тапсырады, шығарма жазады.

Сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылады.

RWCT сабақтары: мұғалімнің әдістері, оқушының іс-әрекеті, топқа бөліп, ой қозғайды, ұжыммен жұмыс жасайды, тақырыпқа қызықтырып бағыттайды, мәтінмен өздері танысады, мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады, әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді.

Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды. Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орынына қойып, қарайды, салыстырады. Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды.

Өз ойларын жазуды ұсынады. Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді. Ойларын қорытуға бағыттайды. Өз тұжырымдамасын жасайды.

Менің тәжірибедегі сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланған сабақтарды дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда, білім сапасының өскендігін байқауға болады. СТО технологиясын қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолдана отырып, тұлға қалыптастырудың тиімді жақтары өте көп екендігіне көз жетті. Жалпы сын тұрғысынан ойлау технологиясының жетістіктері мынадай:

1. Оқушылар күні бұрын берілген тапсырма мен де сабақ үстінде берілген тапсырмалармен қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады.

2. Оқушы ой қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік береді.

3. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

4. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді.

5. Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.

6. Өзгенің пікірімен санасуға үйренеді.

7. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға дағдыланады.

8. Өз пікірін қорғай, дәлелдей алады.

9. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

10. Жан-дүниесін тәрбиелейді.

Қазіргі кездегі мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. Сондықтан психологтардың өзі тұлға қалыптастырудың қажеттілігін тұтас бір кешенді қасиеттермен байланыстырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында СТО технологиясы тіл дамыту мен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігіне өз тәжірибем негізінде көз жеткіздім. Менің байқағаным бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, тіл байлықтарының дамуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігі, оқушылар ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренетіндігі, білімдерінің тереңдігі, әрі тиянақтылығы. Бүгінгі қоғамға, мектепке керегі де осылар. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық

технологияларын сабаққа ендіру – бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Аханова. Шығармашылық тұлға қалыптастыру // Сыныптағы тәрбие. №1, 19-22-б.
2. Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар // «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал. 2008, 18-24-б.
3. Ә.Қабдешова. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10, 35-45-б.
4. Г.Ешанова. Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой-пікірлері// Қазақстан жоғары мектебі. 2006, №1, 96-99-б.
5. А.Ташенова. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім-Образование. 2006. №2, 15-18-б.
6. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы //Білім-Образование. 2007, №5, 12-23-б.

Күлайым ӘДІЛОВА,
Алматы қаласындағы
№134 лицейдің мұғалімі.

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту түрлерін, әдістерін, технологияларын таңдап алуда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беретін мекемелердің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, оқыту технологиясының жаңа өзіндік нұсқалары жасалған. Осы оқыту технологиясының барлығы білім беру сапасын арттыруға, оқушы санасына оқыту материалдарын жеткізуге және сіңіртуге зор әсер етеді. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен дамулар мектептің оқыту үдерісіне әсер етпей қойған жоқ.

Қазіргі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білімберудің мазмұны, мақсатты өзгеруі, мемлекеттегі кез келген өзгеріске қарай білім беру сапасы да жетіле түседі. Осының негізінде біз білім саласында оқытудың бірнеше технологиясын қолдануымызға мүмкіндік бар.



«Айтсаң – ұмытамын, көрсетсең – есте сақтаймын, қызықтырсаң - үйренемін» деген қағидаға сүйене отырып, білім беру жолында жоғарыда аталған педагогикалық технологиялардың барлығы да тиімді дер едім. Бірақ, өз тәжірибемде Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралай оқыту» технологиясын қолданып, жұмыс жасап жүрмін.

«Еңбегіңнің нәтижесін көргің келсе, шығармашылығың мен талабыңды өсір» деп Ж.Баласағұни айтқандай, қазақ тілі сабақтарында деңгейлеп оқыту әдістемесін қолдану жолдары көптеген ізденістерді, жаңа технологияны керек етеді. Қазақ тілі пәнін оқытудағы ең басты мәселелердің бірі – сабақта әр оқушыға қолайлы жағдай жасау, оқу

барысын жүйелі түрде жүргізу. Соңғы кезде модульдік технология негізінде деңгейлік тапсырмалар арқылы әр оқушының қабілеттілік деңгейін анықтап, топтық әдіспен жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Деңгейлік тапсырмалар оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, іздендіруге жетелейді, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Жетістіктерге жету үшін, ең алдымен, оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса, баға біліміне қарай қойылады.

Қабілеттілік деңгейі бойынша оқушыларға үш топ ұсынылады:

1-топ – орташа деңгей – бұларға тақырып бойынша жеңіл тапсырмалар беріледі.

2-топ – мүмкіндік деңгейі — стандарт талабы бойынша, жалпы жоспар бойынша тапсырмалар орындайды.

3-топ – шығармашылық топ – күрделенген шығармашылық шеберлік қабілетін қолдануы қажет.

Бұл әдістің негізгі ұстанымы - қарапайымнан күрделіге жетіп игерту. Деңгейлік тапсырмаларды – белгілі бір тақырыпты бітірген кезде немесе бақылау жұмысын жүргізгенде және қайталау сабақтарын өткізгенде пайдалану өте ұтымды. Бұл әдістің тағы бір пайдалы жағы – оқушы өзінің нені білмейтінін анық аңғарып, келесіде өзі ізденіп оқып келеді.

Деңгейлік тапсырмаларды үлестірмелі кеспелер ретінде, тест түрінде сабақта және үйге беруге

болады. Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу қажет. Мұғалім үлгерімі төмен оқушыларға көмек беріп, дарынды балалармен жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы қазақ тілін оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін арттырады.

Мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру – әр оқушының қабілетіне сәйкес, білім, білік, дағдыны меңгерту, мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, оқушылардың әр түрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша оқу материалын әр оқушының өзінің даму деңгейінде меңгеруіне қарай жүзеге асырады. Деңгейлік оқыту технологиясы – оқушылардың дара қасиетін дамытудағы педагогикалық ерекшеліктер.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әр оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын игеруін қамтамасыз ету. Барлық оқушылар үшін білімнің базалық деңгейінің міндеттілігі, оқушыларға берілетін тапсырманың саралануы және тапсырма оқушының қабілетіне қарай ыңғайлы болуы шарт. Тапсырмаларды қайталауға арналған бірінші деңгей өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғарғы деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Бұл топ деңгейде көрініс табады.

«Деңгейлеп саралай оқыту» технологиясы (Ж.Қараев):

1. «Оқушылық» міндетті деңгейі – үйренушілік (жаңа білімді бекіту, практикада қолдана білуге) жаттықтыру деңгейі.

2. «Алгоритмдік» деңгейі – үйренушілік деңгейдегі білімдерін толықтыру.

3. «Эвристикалық» деңгей – күрделі материалдарды жүйелей алуы, тақырыпты еркін меңгерту деңгейі, танымдық ізденіс деңгейі.

4. «Шығармашылық» деңгей – проблемалық мәселелерді шешуге, зертханалық жұмыстарды өз бетімен жүргізуге дағдыландыру деңгейі құбылысты өз бетімен талдай келіп, өз бетінше зерттеу жұмысын жүргізу, талдау. Оқушы «кішкентай» жаңалық ашқандай болады.

Мұғалімнің деңгейлеп саралау сұрақтарының жүйелілігіне қарай білім рейтингісі белгіленеді. Бұл технологияда оқытушы барлық оқушының білім деңгейін басқарып, бақылап, бағалай алады. Ал оқушы өз білім рейтингін бір сабақтан екінші сабаққа жоғарылатуға талпынады. Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы бойынша емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы іске асады. Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралай оқыту» технологиясында әр оқушының даму ерекшелігіне сәйкес білім беру, оқушыдан дамымайтын қабілетті қинамау, әр деңгейге сай тапсырмалар жүйесін құрастыра отырып, оқушылардың даму жолын белгілеу көрсетілген. Алдымызда отырған оқушылардың білім деңгейі, білімді меңгеру дағдысы бірдей болуы мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралай оқыту» технологиясын тәжірибемен енгіздім.

Деңгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсат – баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру керек:

1. Оқушылардың өздігінен білімін толықтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алуы;
2. Оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылануы;
3. Берілген білімді пысықтау;
4. Оқушының білімін тексеру, бақылау;
5. Шығармашылық қабілетін арттыру.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Деңгейлеп саралай оқытудың ерекшелігі: оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыларда намыс оты оянып, басқалардан қалып қоймауды ойлап, өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды әрі тырысады. Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше, оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Деңгейлік әдістің маңыздылығы - оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды

жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни, оқу-танымдық құзыреттілігі қалыптасады.

Деңгейлеп саралай оқыту технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған. 1-деңгейдегі тапсырма – Мемлекеттік стандарттық деңгей, бұны орындауға барлығы міндетті. 2-3 деңгей бірте-бірте күрделенеді және бұл тапсырманы орындауға оқушылар құқылы, ал 4-деңгейді шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шығады деу артық.

Ж.Қараев технологиясының жетістігі – ол оқушыны өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады.

Қорыта келгенде, деңгейлік тапсырмаларды орындау негізінде оқытудың тиімділігі мынада:

- оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;
- оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
- тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;
- сынып оқушылары толық бағаланады;
- әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады.

Елбасының сөзін мысалға келтіре отырып, өз ойымды қорытқым келеді.

«Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы керек».

Н.Ә.Назарбаев.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.У.Қобдықова. Оқыту процесін технологияландыру. А., 2000.
2. Н.Бақзыбекова. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. А., «Қазақ тілі», №4, 2007.
3. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы. А., 2002.
4. Қазақ тілінен әдістемелік нұсқау. А., 2012.



Гүлнар МАСАБЕК,
Алматы қаласындағы
№27 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Әдебиет – өмір айнасы. Қоғамдағы өзгерістер, тарихи оқиғалар, тарихты жасаушы ұлы тұлғалар мен қарапайым халықтың басынан кешкен оқиғалар

әдебиетте өзінің ізін қалдырады. Тіл құдіреті арқылы біз тарихқа терең бойлап, ата-бабаларымыздың өткенімен, арман-мақсатымен танысамыз. Халық ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиетінің асыл мұраларына үңіліп, сан ғасырлардан екшеленіп жеткен терең мазмұнды қазақ халқының салт-дәстүрлерінен де мол мәлімет аламыз. «Ел болашағы – білімді жастардың қолында», - деп Елбасы айтқанындай, қазақ әдебиетін оқу, үйрену, зерделеу – мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеруге көмектесетіні сөзсіз. Қазақ әдебиеті пәнінің алға қойған мақсаты-халқымыздың әдеби мұраларымен қазақ тілінде таныстыру арқылы төл әдебиетіміз туралы түсінік қалыптастыру, көркем шығармалар мазмұнын түсінуге ықпал ету, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сөйлеуге, жазуды меңгеруге, сөздік қорларын молайтуға әдеби тіл нормаларын игеруге жағдай жасау. Қазақ халық әдебиеті қазақ халқының сан ғасырлық тарихы мен тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыпы мен салт-санасын, жан дүниесінің сұлулығын, ақындық, шешендік өнерін, зеректігі мен ойшылдығын, адам, қоғам, табиғат туралы көзқарастарын бейнелейді. Әдебиет – адамды ізгілікке, жақсылыққа, адамгершілікке баулитын, қоғамға әсер ететін күш. Әр халық өзінің әдеби, мәдени құндылықтарын тани отырып, ұлттық сананы қалыптастырады.

Практикалық тапсырмалар орындату арқылы сабақта және сыныптан тыс уақытта оқушылардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру жұмыстарын жүргізген тиімді.

«Бала – жүректің миуасы» деп қарайтын балажан халықтардың бірі – қазақ халқы да ежелден болашағым деп қараған, игі де зор үміт артқан. Әрбір қазақ арманын ұрпағына аманат қылып тапсырған, қазақ халқының дәстүрлі ғылымында балалар әлемі жөніндегі түсініктер соған орай орныққан әдет-ғұрып, тұрмыс-салтқа, тәрбиелілікке, іс-әрекетке назар аударсақ, халық тәжірибесінде қалыптасқан кейбір ұлағатты өнегелерді көруге болады. Мәселен: балаға деген тәрбиелік қам қазақ халқында сәби дүниеге келмей-ақ жасала бастайды. Қазақтың «бел құда», «бесік құда» дегендері – осының айғағы. Мұның өзін сүйек тазалығын арттыру үшін, тектілікті сақтау үшін жасалғанын түсінеміз. «Бел құда», «бесік құда» дәстүрінің мақсаты – ата-аналардың текті жермен құда болуы болашақта дүниеге келуге тиісті ұрпақтың ақыл-ойлы, денсаулығы мықты болуын көздеуден туындаған. Қазақ халқының басынан өткен әр қилы оқиғалар өз құндылықтарын сақтауға салқынын тигізбей қойған жоқ. Әсіресе, ұлттық ерекшеліктеріміздің еленбеуі, өз рухани құндылықтарымыздан шектеп қалуымыз ұлттық болмысымызды өзгертті. Сондықтан жаңа мемлекетімізді құру кезінде біздің әдебиет оқулығының мазмұнын анықтаудағы басты мақсаттардың бірі әрі жасөспірімдердің рухани және мәдени дамуын қадағалай отырып, білімділік пен біліктілікті игертсе, парасаттылыққа тәрбиелей отырып, ұлттық болмысқа ие болуға ұмтылдыратын

ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтар, ұлттық мұралар жайында ұғындыру және қанға сіндіру қажет. Өмірлік ұлттық мүдде-мұраты жоқ азамат ешқашан елін-жерін сүйген емес, сүйе де алмайды. Сондықтан жастарды жастайынан отбасында, мектепте ұлтжандылыққа, отаншылдыққа баулығанда ғана өз мемлекетін қорғайтын азамат тәрбиелеуге жол ашылады (2).

Еліміз егемендікке қол жеткізген ұлттық тәрбие беру уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат екені даусыз. Соған байланысты өсіп келе жатқан ұрпақты жарасымды әдепке, ізеттілікке тәрбиелеу – халқымыздың қасиетті қағидасы деп білеміз. Бұл – қазіргі уақытта айрықша мәселе. Өз ұрпағын «Сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі, өнерлі» болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы асыл қасиеттерін әр түрлі шешендік сөздер, мақал-мәтелдермен, жырлармен жеткізіп отырған (3).

Егеменді еліміздің кемел болашағы – ұлттық рухта тәрбиеленіп білім алған жастар. Бұл мақсатқа жетуде мектепте оқылатын қазақ әдебиеті пәнінің маңызы зор.

Қазақ әдебиетіндегі әр жыр, мақал-мәтел, жұмбақ – білім беру мен тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтар.

Қазақ дастандарын оқытуда ұлттық салт-дәстүрдің ескерілмей келе жатқаны айтылса да, толық талданбай жүр ме деген тұстары бар. Біз қазақ дастандарын тек ғашықтық жырлар ретінде ғана сыңаржақ танытып келе жатқан сияқтымыз. Бұған кеңестік дәуірдегі ұлттық дәстүрді мүлде ұмыттыру идеясы ықпал етті. Тіпті, «ескі салттың озбыр әсерінен мұратына жете

алмай, құрбан болған ғашықтар трагедиясы» деуге ата-әдебиетшілеріміз мәжбүр де болғаны анық.

Қазір, құдайға шүкір, тәуелсіздік заманымызда ұлттық салт-дәстүрімізді, ұлттық әдет-ғұрыптарымызды бұрынғыдай жабылу күйінде қалдырмай ашқанымыз жөн сияқты.(4).

Біздің ата-бабаларымыз араб мәдениетімен бірге келген «Ләйлі-Мәжнүн», «Зылиха-Жүсіп», «Сейфүл-Мәлік-Жамал» сияқты ғашықтық жырларды аударып, жақсы таныс болса да, өздері ғашықтықты дәріптемеген. Осындай түсініктегі бабалар дастанында ұрпағына ғашықтықты ғана емес, өздерінің заманалар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарын берік ұстанған ұл мен қыздарын ғана үлгі етіп тәрбиелеген. Ал, сол салтты бұзушыларды қатты кінәлаған, қандай асылы болса да, аяусыз жазалаған, лағнет айтқан. Бүгінде ғашықтықтың әлемдік үлгісі деп танылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының өзінде де, ғашықтықтан бұрын дәстүр дәріптелген. Қозы өмірінде көрмеген Баянды ғашық болып іздемейді, әкесінің құдалық дәстүрін бұзбау үшін, қайтсе де әке өсиетін орындау үшін іздейді. Ал, Баян болса Қодарды емес, тазша киімін киіп, қой бағып келген Қозыға көңіл аударуы да ғашықтықтан гөрі бата бұзбас, салт-дәстүрге беріктігінің белгісі. Олай болса, Қозы мен Баян – халықтың сүйікті ұлы мен қызы. Олардың ақ батаны бұзбау жолында құрбан болуын кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынады.

Ал «Қыз Жібек» дастанында салт-дәстүрді дәріптеу, тіпті, басым. Жібектің:

«Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысы көптігінен баға алмайды.

Сол елде жігіт жоқ па тәуірірек,

Жесірін іздеп келіп неге алмайды?»- деуінен әменгерлік дәстүрді бұзбай, күтіп отырған адал жесірді көреміз. Қорыта айтқанда, қазақ дастандарында махаббат емес, дәстүр суреттеледі. Халық ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлардағы негізгі тақырып ұлттық салт-дәстүрді оқушыларға ескі арнамен тек махаббат туралы деп шиырлай бермей, дұрыс ұғындыра алсақ, әдеби жауһарларымыз арқылы ұлттық тәрбие берудің құнды мектебін қалыптастыра алар едік.

Бүгінгі мектептегі оқып жатқан жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім – ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Халқымыздың ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыру – басты парызымыз. Мектеп оқушыларын жас кезінен бастап парасат биігіне, рухани өмірдің әдемі әлеміне жетелеу – ата-аналар мен ұстаздардың міндеті. Ата-бабаларымыздың ұлттық салт-дәстүрін шәкірт бойына дарыту үшін өз сабағымда халық ауыз әдебиетінің асыл қазынасы – лиро-эпостық жырлар үлгілерінен мысалдар келтіріп, жырдағы баяндалатын сана-сезім, ұлттық салт-дәстүр, ұлылардың айтқан даналық ойларын ұрпақ санасына сіңіруді сабақ сайын жүргіземін. Қазақ тілін, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеп, оқыту үшін сабақтарыма лиро-эпостық жырларды

оқытып, зерттеп, оқушылармен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырып, сыныптан тыс іс-шаралар өткізу өз жемісін беретіні сөзсіз. Өз тәжірибемнен түйгенім – оқушылардың жырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді түсініп, есте сақтауы, оны орынды қолдана білуі – оларды сабаққа қызықтыруға байланысты. Сондықтан әрбір сабағымды халық дәстүрімен байланыстыра өткіземін. Көптеген халықтар өз ұрпағын өз халқының қағидаларымен тәрбиелейді. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі – жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары, елжанды болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек қана ұлттық тәрбиенің берері мол.

Қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырларды оқытудағы міндет – оқушының қазақ халқының әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін түсініп, есте сақтауы, әдеби, мәдени мұралармен жете танысу арқылы тілге деген қызығушылығын дамыту, өз елінің елжанды азаматы болуға тәрбиелеу. Ол үшін мынаған көңіл бөлген жөн:

1. Лиро-эпостық жырларды оқытуға әдебиет сабақтарында ерекше назар аударту қажет. Өйткені, ол халықтың тарихымен, тілімен, әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен тікелей байланысты.

2. Бағдарлама бойынша 8-9-сыныптарда сағат саны шектеулі болғандықтан, сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.А.Нышанова. «Білім». «Образование», А., 2007, №31.
2. К.Т.Арынов, А.Е.Есжанов. «Білім». «Образование», А., 2005, №3. Ғылыми- педагогикалық журнал.
3. Ж.Н.Кашев. 12 жылдық білім беру. 2007, №8.
4. У.М.Бердікенов. Қазақ тілі мен әдебиеті, №1, 2013.
5. Ә.Қоңыратбаев. «Қазақ фольклорының тарихы» 1987, 9-б.
6. Ш.Сапарбайқызы. «Білім». Научно-педагогический журнал, А., №6, 2005.
7. К.С.Баймбетова. Открытая школа, информометодический журнал, А., №8, 2009.
8. М.Т.Асылбекова. «Білім». Ғылыми-педагогикалық журнал, А., №4, 2007.
9. Ә.Қоңыратбаев. «Қазақ фольклорының тарихы». А., 1991.
10. Бес ғасыр жырлайды. А., 1989.
11. Жеті ғасыр жырлайды. 1992.
12. Энциклопедиялық анықтамалық. 2005.

Гулия БЕКБОЛТАЕВА,
учитель казахского языка
и литературы
КГУ ОШ №55
г.Алматы.

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ И ОБУЧЕНИИ

Мне хочется начать свой разговор о проделанной работе цитатой замечательного английского писателя Рея Бредбери из рассказа «И грянул гром»: «...Взмах крыльев мотылька над Атлантикой способен вызвать бурю в Тихом океане...» Мне кажется, более точно результат, достигнутый мною по окончании курсов, не описать. Такие простые истины, кажется, что все это лежало на поверхности давным-давно и ждало своего часа... И вот он настал: у нас, слушателей курсов, словно открылись глаза, и случилась в нашем сознании, в наших сердцах, в нашем разуме буря! Но не стоит её бояться, она целительна, ведь разрушает все старое, закосневшее, отжитое, ненужное, освобождая место Новому, Светлому. Одной из наиболее значимых задач современной педагогики является выявление гуманистического потенциала

образования, нахождение способов утверждения человека в позиции субъекта познания, общения и творчества. Если, согласно Ш.А.Амонашвили, ученик – это душа, ищущая свет, а учитель – носитель света, то Урок – это пространство и время, в котором происходит их слияние, единение. Современный урок, несущий на себе печать Личности Учителя, может быть и студией, и мастерской, и творческой лабораторией. И я благодарна курсам за то, что поняла это! Да, конечно, начало не было таким радостным, оптимистичным, жизнеутверждающим. Были и слезы обиды на саму себя, что не понимаю, казалось бы, элементарных вещей, и страх, что никогда не разберусь в дебрях педагогических нововведений, что просто физически не выдержу эту гонку за знаниями... Но наступал новый день, и появлялись новые силы, новые мысли, желание идти дальше, узнавать новое. Ещё вызвал затруднения тот факт, что цели урока следует ориентировать не на учителя, а на ученика! Ведь это значило, что пришло время менять и всю структуру урока, менять свое поведение, менять подходы к обучению, а не так-то это легко и просто, если школе отдано около 25 лет жизни... Каждый из нас, входя каждый день в класс, сталкивается с противоречиями, обусловленными задачами, которые стоят сегодня перед школой, с одной стороны, и трудностями, связанными с ростом и развитием современных детей, – с другой стороны. Что делать? Всем нам ясно, что мы хорошо

работаем только в том случае, если чувствуем себя эмоционально комфортно. Всегда ли наши дети входя в класс, чувствуют себя так же? Что сделать для того, чтобы в классе царила атмосфера эмоционального комфорта? Для этого каждому ребенку на уроке должно быть интересно, он должен чувствовать себя значимым и нужным, он должен чувствовать, что у него все получается. Тогда и уроки будут достигать всех поставленных целей. Очень понравилась идея модульного или блочного планирования материала, оказывается, я уже использовала в своей практике что-то подобное. Тематическое планирование уроков казахского языка очень легко поддается делению на модули, и данная система, безусловно, оправдывает себя. «Повторение – мать учения», - гласит русская народная пословица, и разбивая материал на блоки, я добиваюсь высокого процента усвоения изучаемой темы, ведь из урока в урок в течение модуля мы повторяем, углубляемся, открываем все новые и новые грани, казалось бы, давно известного. Итак, перейду к главному. Подробно изучив предлагаемую на курсах систему образования, включающую 7 взаимосвязанных модулей, я пришла к выводу, что хочу попробовать строить уроки, используя предложенную модульную классификацию. Конечно, на каждом уроке использовать все 7 модулей не было необходимости. Я решила попробовать учить «по-новому» 6 класс, с которым у меня сложились теплые, доверительные отношения. Дети восприняли

известие о предстоящем эксперименте по-разному. Творческие, активные ребята поддержали мое решение, обрадовались, что я выбрала их класс, с нетерпением ждали начала эксперимента. Другие пожалы плечами и разошлись молча, таких было большинство... Эти ученики считали, что это очередной вид контроля, типа мониторингов, срезов, к которым все привыкли и которые, конечно, не вызовут ничего, кроме безразличия и апатии. Но, как говорят, **сомневаешься – не начинай, а начал дело – не сомневайся. И я решила, что нет места сомнению! Итак, первый модуль программы – «Новые подходы в преподавании и обучении».**

К новым подходам можно отнести диалоговое обучение и обучение тому, КАК учиться. Раньше я и не подозревала о том, как важно учить строить диалог, как важно уметь правильно задавать вопросы, быть активным участником беседы. С точки зрения данного подхода (Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.К.Осницкий) активность рассматривается как источник самостоятельности, которая ограничивается преобразованием и поддержанием жизненно значимых связей с окружающим миром. Это деятельность, направленная на удовлетворение потребностей человека. На своих уроках я часто использую групповое интервью о значимости темы и цели урока для профессиональной деятельности, о том, что знают ученики о теме урока и что еще хотели бы узнать.

Эти способы дают возможность ребенку открыть для себя мотивы получения новых знаний. Групповое интервью способно дать выход мотивам, в том числе и неосознаваемым, быть толчком к их развитию. Сам процесс высказывания «для других» есть путь выявления, лучшего осознания и развития мотивов. Особую роль здесь играет и возможность соотнесения своей позиции с позицией другого, что является необходимым условием самопонимания. Поэтому усвоение учебного материала в данной части модуля - лишь необходимое средство, без которого мне невозможно было достичь основных целей: я старалась развивать логику мышления, умения видеть связи между различными явлениями и фактами, научиться формулировать и научно обосновывать понятия; развивать интеллект и креативность (способность к творчеству) и т.д. Цель, являющаяся предметным итогом всей познавательной деятельности для моих учеников в учебном модуле – соответствие знаний и умений предъявленным требованиям достигается параллельно. Мне, как учителю, следовало обратить внимание в будущем на то, что не любая деятельность развивает личность, в процессе которой возникают положительные эмоции. Нужно, чтобы ученику нравилось заниматься учебным, познавательным процессом, чтобы он получал удовольствие от умственной работы. Пожалуй, это для меня является наиболее проблематичной задачей в моей работе учителя.

Второй модуль программы – «Обучение критическому мышлению».

Критическое мышление – это способность анализировать информацию с позиции логики и личностно-психологического подхода с тем, чтобы применять полученные результаты, как к стандартным, так и к нестандартным ситуациям, вопросам, проблемам. Это способность ставить новые вопросы, выработать разнообразные аргументы, принимать независимые, продуманные решения. В своей практике я столкнулась с признаками критического мышления:

- Формируется позитивный опыт из всего, что происходит с каждым учеником.
- Формирование самостоятельного, ответственного мышления.
- Аргументированное мышление (убедительные доказательства позволяют принимать обдуманное решения).
- Многогранное мышление (проявляется в умении рассматривать явление с разных сторон).
- Индивидуальное мышление (формирует личностную культуру работы с информацией).
- Социальное мышление (работа осуществляется в парах, группах; основной приём взаимодействия - дискуссия).

Основная идея – создать такую атмосферу учения, при котором учащиеся совместно со мной активно

работают, сознательно со мной активно работают, сознательно размышляли над процессом обучения, отслеживали, подтверждали, опровергали или расширяли знания, новые идеи, чувства или мнения об окружающем мире.

Использование данного модуля позволило мне определить его неоспоримые достоинства, а именно:

- повышается ответственность за качество собственного образования;

- развиваются навыки работы с текстами любого типа и с большим объёмом информации; овладевают умением интегрировать информацию;

- формируется умение вырабатывать собственное мнение на основе осмысления различного опыта, идей и представлений, строить умозаключения и логические цепи доказательств (развивается системное логическое мышление);

- развиваются творческие и аналитические способности, умения эффективно работать с другими людьми; формируется умение выражать свои мысли ясно, уверенно и корректно по отношению к окружающим.

Третий модуль – «Оценивание для обучения и оценивание обучения».

Этот модуль тоже первоначально вызвал мое неприятие. Вторая часть вполне закономерна и ясна – «Оценивание обучения». А вот как быть со второй частью? Позже пришло понимание: Оценочная деятельность может считаться успешной, когда

ею владеют в равной мере и учитель, и ученик. Конечно, переход к этому модулю ещё не завершён в моей работе, я стремлюсь к тому, чтобы ученики адекватно и объективно, и главное, самостоятельно, могли дать оценку своей деятельности на уроке. Самостоятельность подразумевает возможность контролировать свою жизнедеятельность. Но этот контроль направлен, с одной стороны, на изменение окружающей среды в соответствии с потребностями и целями человека, а с другой – вовнутрь, на изменение своих собственных качеств и потребностей в соответствии с объективными условиями и требованиями среды (самоконтроль, самовоспитание). Развитый самоконтроль – необходимая предпосылка сознательной дисциплины, способности пожертвовать непосредственной, краткосрочной выгодой ради достижения более важных долгосрочных целей и т.д. Но слишком жесткий самоконтроль может, как и внешняя опека, сковывать творческий потенциал личности, побуждая ее следовать относительно проторенными путями, которые легче предвидеть и запрограммировать заранее.

Четвертый модуль – «Использование информационно – коммуникационных технологий в преподавании».

Конечно, использованием ИКТ последние годы никого не удивишь. Детей – тем более. А как быть учителям, которые долгие годы работали с печатными

пособиями, картами, схемами, репродукциями и прекрасно обходились без интерактивной доски? Но наступает новая эра в образовании, и эта эра берет свое. Сейчас любой ученик лучше учителя составит презентацию со слайдами любой сложности, найдет нужную информацию в сети Интернет, а как быть нам, пугающимся слов «браузер», «блог», «анимация»? Выхода нет, кроме как освоить информационные технологии и научиться применять их на уроках. Наше поколение, увы, не читающее, а смотрящее. Им проще УВИДЕТЬ информацию, чем прочитать в учебнике. Это стало для меня решающим фактором – учитель ДОЛЖЕН владеть компьютерными технологиями. Ведь это так интересно нашим ученикам...

Пятый модуль – «Обучение талантливых и одаренных детей».

Конечно, о необходимости данного модуля я задумывалась давно. Ведь в каждом классе самой простой общеобразовательной школы есть 1-2 «звездочки», которые схватывают все на лету, понимают учителя с полуслова, с любой контрольной справляются на «отлично». Но я заметила такую тенденцию: с каждым годом этих «звездочек» становится все меньше. Почему? Если в системе образования ничего радикально не поменялось? И мне открылась проблема: у нас, учителей, просто НЕТ возможности дать возможность «засиять» этим детям. Мы, скованные рамками 45-минутного урока, подгоняемые целями и задачами и календарным

планированием, просто не можем себе позволить заниматься с 2 одаренными учениками, бросая на произвол судьбы остальных 20... И начинают детишки скучать, бездельничать, ведь обычный урок рассчитан на обычного ребенка, а не на «гения». Я решила бороться с этой проблемой. В ходе эксперимента в 6 классе я стала тщательно готовить материал повышенной сложности для одаренных детей, начала продумывать ход урока таким образом, чтоб у сильных учеников была возможность показать себя, поделиться своими знаниями с более слабыми учащимися. На мой взгляд, мне это удалось.

Шестой модуль – «Преподавание и обучение в соответствии с возрастными особенностями учеников».

Конечно же, данный модуль актуален и необходим. Ведь вряд ли найдется учитель, который придет в 9 класс с теми же методами и приемами, которые используются в пятом. Необходимо учитывать доступность изучаемого материала, своевременность его подачи ученикам. Я столкнулась в своей практике с тем, что даже тембр голоса «для шестого класса» неприемлем для учеников девятых классов. Что уж говорить о методах, приемах и различных педагогических техниках, которые в большинстве своем основаны на ориентировании на тот или иной возраст обучаемых.

Седьмой модуль – «Управление и лидерство в обучении».

Очень интересным мне показалось высказывание одного из заведующих зарубежных вузов: «Лидерство и руководство — это два разных понятия. Руководство концентрирует внимание на том, чтобы люди делали вещи правильно, а лидерство — на том, чтобы люди делали правильные вещи. На практике, как правило, не наблюдается идеального соблюдения этих двух типов отношений в управлении. Значительная группа руководителей во многом обладает лидерскими качествами. Однако обратный вариант встречается в реальной жизни реже». Эти слова заставили меня задуматься, а ведь действительно, мы часто считаем себя лидерами, управляющими, хотя являемся всего лишь руководителями... В последнее время я часто слышу слово «фасилитатор» - такое определение принято для наименования роли учителя, который незаметно руководит процессом урока, явно не вмешиваясь в ход обучения, позволяя ребятам принимать решения самостоятельно, но принимать все-таки то решение, которое необходимо.

В заключение мне хочется сказать, что несомненно, курсы стали очень важной частью моей жизни, потому что то новое, что вошло в мое сознание, заставило по-новому взглянуть на образование в целом, на ребенка-ученика в частности. Я и не ожидала, что давно пора

отказаться от приевшихся принципов и стереотипов, что новые подходы в образовании станут глотком свежего воздуха для меня. Я благодарна курсам за то, что здесь мне позволили вырасти как учителю, позволили побыть одной из тех, с кем я общаюсь ежедневно, почувствовать себя ученицей, которой многое доступно и все интересно! Я открыта новому и не собираюсь останавливаться на достигнутом! Курсы окончены, но впереди у меня – долгая, светлая дорога УЧИТЕЛЯ, которая подарит СВЕТ... Учителя, чьи будущие – уроки, словно крылья маленькой бабочки, всколыхнут огромный, чудесный мир неизведанного в душах детей...

Используемые литературы:

1. М.Битянова. На пороге самостоятельности// Школьный психолог. 2002, №14.
2. Н.Афанасьева. Личностный подход в обучении// Школьный психолог, 2001, №32.
3. Е.В.Бондаревская. Теория и практика личностно- ориентированного образования. - Ростов-на-Дону: Издательство Ростовского педагогического университета, 2000.
4. Ш.А.Амонашвили. Здравствуйте, дети! Пособие для учителя/ Предисл. А. В. Петровского. М., 1983.
5. Ш.А.Амонашвили. Чтобы дарить ребёнку искорку знаний, учителю надо впитать море Света. Донецк, 2009.

Қарлығаш ҚҰРМАНОВА,
Малотюкты негізгі мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Зеренді ауданы.

«АЛТЫН САҚА» ЕРТЕГІСІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: ертегі мазмұнын толық меңгерту, айтайын деген идеясының сырын ашу.

Міндеттері: білімділік – ертегінің қандай түріне жататынын анықтау; **дамытушылық** – оқығанын ауызша мазмұндай білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – ертегі мазмұны бойынша оқушыларды жақсылыққа тәрбиелеу, жамандықтан алыс жүруге баулу.

Түрі: ойын сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу, дамыта оқыту, тіл дамыту.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Мұғалімнің сөзі: - Балалар, өткен сабақта біз «Алтын сақа» ертегісін оқыдық. Бүгінгі сабақта ертегіні қалай түсінгенімізді, ертегінің негізгі ойын, одан қандай қорытынды шығаруға болатынына

тоқталамыз. Бүгінгі сабағымыз ойын түрінде өтеді. Ойынға төрт оқушы қатысады. Ойыншыларды сұрақ қою арқылы таңдаймыз. Қойылған сұрақтарға кім дұрыс және тез жауап берсе, сол ойынға қатысады.

Ойынның шарты: Ойын төрт кезеңнен тұрады. Әр кезеңдегі сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушы бір саты алға жылжып отырады. Мәре сызығына кім бірінші жетсе, сол жеңімпаз болады. Оқушылардың білімдері үшін баға қойылады.

Ойыншыларды таңдау үшін қойылатын сұрақтар:

- Фольклор дегеніміз не?
- Қазақ ауыз әдебиетінің түрлерін атаңдар.
- Ертегілерді қандай топтарға бөлеміз? (Қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы, шыншыл ертегілер).
- Қандай қазақ ертегілерін білесіңдер? 5-сыныпта қандай ертегілер оқыдық? («Қаңбақ шал», «Ешкі мен түлкі», «Алтын сақа», «Ер Төстік», «Аяз би», «Керкұла атты Кендебай», т.б.).

II. Негізгі бөлім.

Төрт ойыншы ортаға шығып, бірінші жолға тұрады.

Бірінші жолдың сұрақтары:

- Мен ертегіден үзінді оқимын, сендер мұқият тыңдап, қойылған сұраққа жауап бересіңдер, бірінші қол көтерген бала жауап береді.

1. Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, жылқылары үркіп, суға жуымайды...

Сұрақ: Жылқылар неге суға жоламайды?

2. Ертегіні әрі қарай жалғастырып оқимын. Мұқият тыңдаңдар. Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетеді.

Сұрақ: Әрі қарай оқиға қалай дамиды?

3. Жалмауыз кемпір судан шығады да, байдың жағасынан ала түседі. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді.

Сұрақ: Жалмауыз кемпір байға қандай шарт қояды?

4. Сұрақ: Бай мен жалмауыз кемпір қалай келіседі?

Бірінші жолдың сұрақтары аяқталды. Дұрыс жауап бермеген немесе мүлде сұрақтарға жауап бермеген ойыншы сол жолда қалады, яғни, ойыннан шығады. Ал барлығы дұрыс жауап берсе, келесі жолға көшеді.

Екінші жолдың сұрақтары:

1. Ертегіні оқимын, тыңдаңдар:

Бала бармақшы болады да, әкесінен:

- Әке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды.

- Жылқышыдан сұрап мін, - дейді бай.

Сұрақ: Жылқышы қандай кеңес береді?

2. Ертегіні әрі қарай тыңдаңдар.

«Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр».

Сұрақ: Сақа жанындағы ол қандай кемпір?

3. Сұрақ: Жалмауыз кемпір баланы ұстап алу үшін қандай әрекет жасайды?

4. Сұрақ: Жалмауыз кемпірді нелер алдап кетеді?

Екінші жолдың сұрақтары осымен аяқталды.

Сұрақтарға жауап бермеген немесе қате жауап берген ойыншылар ойыннан шығады. Қалғандары келесі жолға көшеді.

Үшінші жолдың сұрақтары:

Ертегіден үзінді тыңдаңдар.

1. «Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза, құлатуға жақындатады»...

Сұрақ: Қандай құс балаға көмекке келеді?

2. Сұрақ: Бала жалмауыз кемпірден қалай құтылады?

Қосымша сұрақтар:

1. Жалмауыздың қызы туралы не білдіңдер?

2. Бала қызды қалай өлтіреді?

Төртінші жолдың сұрақтары:

1. «Алтын сақа» ертегісі қиял-ғажайып ертегіге жата ма?

2. Қарлығаш пен адамның достығы туралы тағы қандай шығарма білесіңдер?

3. Ертегідегі бала саған ұнады ма? Неге?

4. Ертегінің негізгі идеясы қандай? (Жамандықты, зұлымдықты әрқашан жақсылық женеді. Сондықтан ешкімге жамандық ойламауымыз керек. «Біреуге ор қазсаң, соған өзің түсесің», - дейді халық мақалы.)

Ойынның жеңімпазы анықталады.

III. Бағалау.

IV. Үйге тапсырма: Өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді қатыстырып, ертегі құрастыру.

Тоты ЖАЛИЕВА,
Қызылорда облысының
Жалағаш ауданындағы
№31 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АҚАН СЕРІ ӘНДЕРІ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: Ақан сері әндерінің жазылу тарихынан мағлұмат алу, көркем мәтінді өз бетімен талдату және сол арқылы ақынның шығармашылығымен таныстыру; **Міндеттері:** **білімділік** – ақын әндерінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталу; **дамытушылық** – өз беттерімен проблема шешуге, қорытынды жасай білуге, шығармашылық ой-өрістерін жетілдіруге ықпал жасау; **тәрбиелік** – өз ойын батыл айта білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: проблемалық оқытуға негізделген практикалық сабақ, ізденіс сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** көркем мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, проблемалық тапсырмалар. **Көрнекілігі:** Ақан серінің әндер жинағы, Ақан суреті, слайдтар, интерактивті тақта. **Жұмысты ұйымдастыру түрі:** топтық, жекелей жұмыс түрлері. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу, музыка, өнер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Топқа бөлу.

«Балқадиша», «Сырымбет», «Құлагер» - осы сөздерді таңдап, 3 топ құрылады.

2. Ой қозғау стратегиясы.

Сұрақ: - Қалай ойлайсыз, неліктен осы сөздерді топқа бөліну барысында басшылыққа алдық? Қай тақырыппен байланысты? Әдебиет сабағына қаншалықты қатысы бар?

Сұрақ: - Ақан сері кім? Ол туралы не білдік? Сал-серілер деген кімдер? Нені білдіреді?

Қорамсаулы Ақан сері	
Шын аты – Ақжігіт	
Шыққан тегі – Арғын ішіндегі Қарауыл руы.	
Дүниеге келгені:	1843 жылы, Айыртау ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы.
Қайтыс болғаны:	1913 жылы.
Мансабы:	ақын.
Жұбайлары:	Бәтима, Ұрқия.

1. Ой қозғау стратегиясы.

Тапсырма: Серілер туралы не білеміз? (тізіп жазу).

Ақан сері өз кезінде Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты ақын-әншілермен рухани сырлас болып, халықтың мәдени-рухани өміріне айрықша ықпал еткен.

Ақан шығармашылығы:

Әншілік-ақындық шабыты	Туған жер туралы	Әйелдер теңсіздігі (Ақтоқтыға арнаған өлеңдері)
«Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжендет», «Екі торы ат», «Алай көк», «Тер қатқан».	«Көкшетау», «Сырымбет», «Кербез сұлу».	«Ақ көйлек», «Аужар», «Алтыбасар», «Ғашық жарға», «Тағрипың», «Ж-ға».

IV. Мағынаны тани білу сатысы.

1. Мәтінмен жұмыс. Әр топқа Ақан серінің әндері таратылады және мәтінді түсініп оқу тапсырылады. Әр топтан бір оқушы ортада мәнерлеп оқып көрсетеді. «Құлагер», «Сырымбет», «Балқадіша».

Сөздік жұмысы:

бидайық – общее название ловчих птиц;

бөктергі – пустельга;

бұлаңдап – кокетничать;

жар – невеста, возлюбленная;

тірсек – коленный изгиб;

сағақ – подгрудок.

- Ән не туралы? Қандай тақырыпқа жазылған?

2. Тапсырма. Әнді топта талдау және төмендегі кестені толтыру:

Тақырыбы	Маңызы, мәні	Лирикалық кейіпкерге сипаттама	Ерекшелігі	Ақын позициясы

3. «Ақан әніне қызығушылығын ояту».

- Қазір біз де сал-серілер өнеріне орын берейік, бір кезде өз ауыздарымен таратқан өлеңдер, әндер ел арасында ұмытыла бастаса, енді тарату кезегі сендердің үлестерінде.

«Балқадіша» әнін тыңдату. Оқушыларда толғаныс сезімін туғызу.

4. Психологиялық толғаныс. Пікірталас.

«Адамдар арасындағы бақталастық, қызғаныш». Батыраш бойындағы бақталастық, қызғаныш қазіргі адамдарда кездесе ме?

5. Өзекті мәселе. Дарынды адам, жүйрік ат тағдыры неліктен көбіне өкінішпен аяқталады?

6. «Үндестік пен ұйқастық» атты суреттеудегі Ақан сері мен Жаяу Мұса үндестігі. Жаяу Мұсаның, Ақанның ән шығару ерекшелігі, жануарды суреттеуі.

Ақан өмірінің соңғы сәті...

1913 жыл. Ел жайлаудан келіп, күзекке отырған. Ералының үйі. Төр алдында қалың етіп жайған төсекте ауру Ақан. Ардагер әнші бірнеше күннен бері тамақ ішпейді. Ақан ауру дегенді естіген адамның келмегені, көңіл сұрамағаны аз. Ауру күннен күнге меңдетеді. Қараша айының аяқ кезінде ардагер әнші, халқын қызыққа бөлеген сері, дарынды ақын, үлкен жүректі адам соңғы рет дем алып, сұлу қара көзін жұмады. Бәтимадан қалған ұлы Ыбан мейірімді әкесіне тіс жарып ешнәрсе айта алмай, тек ыңырсыған бірнеше дыбыстар арқылы өзінің жан қайғысын сыртқа шығарып, Ақанның бетін жәйлап жабады. Ақанның соңында өлеңі, әні, өмірінің шежіресі қалды.

Ақан туралы ойлар...

**Тұсында сері болсын, пері болсын,
Ұнайды өмірімен Ақан маған.**

Ілияс Жансүгіров.

*Ақан тағдырына, заман қатыгездігіне бас имей,
оңаша табиғат аясында өмір кешіп, дүниеден
өтті. Тіршіліктің ұсақ-түйегіне алданбай, бойын
тік ұстап кетті.*

Ақанның шығармаларын белгілі әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Жәнібек Кәрменовтер ел игілігіне айналдырды.

Серінің өмірі мен тағдыры туралы Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» драмасын, Сыдық Мұхамеджанов осы аттас операсын, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазды.

V. Қорытындылау:

1. Ақан қандай сал-серілермен кездескен?
2. Ақан сері туралы не білдің?

Мұғалім: - Балалар, көп жыл «Халық әні» деп келген әндердің көпшілігі Ақан серінің әндері, өлеңдері екенін білдік. Ақан сері айтпақшы: «Алтынды қорлағанмен жез болмайды», қазақ мақалдарында айтылғандай: «Алмас қылыш қын түбінде жатпайды», «Саф алтынды ешқашан тот баспайды».

VI. Үйге тапсырма. «Жаяу Мұса мен Ақан сері шығармаларындағы құс бейнесі» тақырыбына шағын эссе жазу.

VII. Бағалау.

Пәнаралық байланыс поштасы

Күлжамал ЖҰМАТҚЫЗЫ,
Қ.Шүлембаев атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Ақсу қаласы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТТЫ АЙМАҚТАР

(10 сынып)

Сабақтың мақсаты: Қазақстанның табиғат ерекшеліктері, ұлттық құндылықтары мен байлықтары туралы әңгімелеу. **Міндеттері: білімділік** – мәтіндерді талдау арқылы оқушылардың сөздік қорын, тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйрету; **дамытушылық** – топпен жұмыс істеу, ойлау қабілеттерін, өз ойларын дұрыс айта білу дағдыларын дамыту және іскерлікке үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың патриоттық сезімін ояту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке баулу, экологиялық мәселені көтеру, жердің қадіріне көз жеткізу. Еліміздің табиғи құндылықтарын қорғай білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, сөйлету, мәтінмен, мақал-мәтелдермен, суреттермен,

топпен, интерактивтік жұмыс. **Көрнекілігі:** «Қазақстан», «Семей полигоны» туралы слайдтар, Қазақстан картасы, мақал-мәтелдер, суреттер. **Пәнаралық қатысы:** жағрапия, жаратылыстану. **Сабақтың белсенді сөздері:** аймақ, апат, зиян, қасірет, кеңістік.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. 1. Табиғат, әсемдік төркінісің,

Ән саламын бір сенің көркің үшін.

Жан-жануар табынып бір өзіңе,

Сенен алып тұрғандай бар тынысын.

/Эпиграфпен сабақты бастау/.

2. Қазақстан туралы суреттер, слайдтар көрсету.

3. Өткен тақырыптарды қайталау үшін сұрақтарға жауап беру /интерактивтік тақтада сұрақтар жазылып тұр, осы сұрақтарды оқып, жауап беру/:

- Сенің Отаның қай мемлекет?
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан Республикасының қандай тауларын, көлдерін, өзендерін білесіңдер?
- Елімізде қанша қорық бар?
- Павлодар облысының сұлу жерлерін ата.
- Қызыл кітапқа аң-құстардың қанша түрі енгізілген?
- Экологиясы нашар аймақтар бар ма?
- Ол жерлерді білесіңдер ме?
- Балалар, бүгінгі тақырыбымыздың аты қандай деп ойлайсыңдар?

/Сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбына шығу, мақсаттарын айту/.

III. 1. Жаңа сөздермен жұмыс: аймақ, апат, зиян, қасірет, кеңістік. /Сөздерді оқу, аудару, сөз тіркестерін құру/

2. Сыныпты екі топқа бөлу.

«Семей полигоны» «Арал теңізі»

- Мәтінді оқу, аудару.

- Бір-біріне сұрақ қою.

- Тақырыпты ашу.

IV. Қорытындылау.

1. Сұрақ-жауап.

- Экологиялық апатты аймақтарды атау.
- Арал мен Семей полигонының арасындағы сәйкестік неде?
- Адамдар қандай зардаптар шегуде?
- Арал теңізін қорғап қалуға бола ма?
- Семей полигоны қашан жабылды?
- Ол қандай қозғалыстың арқасында жабылды?
- «Невада – Семей» қозғалысын кім басқарды?
- Елбасшымыз Семей полигонын жабу туралы бұйрықты қашан жариялады?

2. «Семей полигонының зардаптары» туралы слайдтар көрсету жолы.

3. Мақал-мәтелдер: Табиғат – тіршілік көзі; Табиғат пен адам – біртұтас; Табиғат – сенің тал бесігің, аяла, қамқорлыққа ал, қорғаныш бол, тазалығын сақта!

IV. Бағалау.

V. Үй тапсырмасы: Олжас Сүлейменовтың өмірі, шығармашылығы.

Айжан ӘЛБЕКОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар ауданындағы
Налобино орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ТАБИҒАТЫ

(6-сынып)

Сабақ мақсаты: туған жердің табиғаты туралы білімдерін толықтыру, сөздік қорларын молайту. Етістіктің түрлерін білу. **Міндеттері: білімділік** – оқушыларға туған өлке, оның байлығы туралы түсінік беру. Етістіктің түрлерін тани білу, дұрыс анықтау дағдыларын дамыту; **дамытушылық** – сөйлеу, сұрақ құру, әңгіме құрау дағдыларын дамыту. Сабақта белсенділікке, жауапкершілікке баулу; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімге баулу, аялауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, диалог, синквейн. **Жұмыс формалары:** топтық, ұжым, жеке жұмыс. **Техникалық құралдар:** интербелсенді тақта, флипчарт, ережемен кәртішке, суреттер. **Қолданылған модульдер:** АКТ; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, дарынды және талантты балаларды оқыту, оқушылардың жас

ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық. **Пәнаралық байланыс:** география.

Күтілетін нәтиже:

- Туған жер туралы өз ойларын жеткізеді.
- Етістіктің түрлерін анықтайды, ажыратуын біледі.
- Топта, жұмыс істеу қабілеттерін арттыра алады.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу;

- Балалар, бүгін сабағымызға қонақтар келіп отыр, олармен амандасайық.

Тренинг.

Ортаға шығайық. Бір-бірімізге жақсы тілек айтайық. Қонақтарға тілек білдірейік.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

- Үйге не берілді?
 - Арнайы тапсырманы кім орындады?
- Кәртішкеден жаңа сөздерді жазып тексеру.
Кілт бойынша тексеріп, өзіне баға қою.

1-слайд. 10 сөз-«5», 8 сөз-«4», 6-«3».

III. Мотивациялық кезең.

- Балалар, өткен сабақта қандай тақырыппен таныстық?

- Біздің туып-өскен жеріміз – Қазақстан.
- Қазақстан қай құрлықта орналасқан?
- Жер көлемі неше шаршы километр?
- Оның қанша пайызы өзен, көл, теңіз?
- Республика жері батыстан шығысқа қарай неше километрге созылған?

- Солтүстіктен оңтүстікке қарай неше километрге созылған?

- Біз қайда тұрамыз? (Блум токсономиясы бойынша ойдың төмен деңгейіне арналған сұрақтар арқылы өткен тақырыпты еске түсірдік. Сөйлемдерді карта бойынша жест арқылы сөйлету).

ТДО - жаңа сөздермен сөз тіркесі, сөйлемдер құрастырады.

IV. Жаңа тақырып.

- Ал, бүгін сабақта Солтүстік облысы туралы сөйлесейік.

Сабақтың тақырыбын, мақсатын, күтілетін нәтижесін анықтаймыз.

2-слайд. Туған жерімнің табиғаты.

- Слайдқа қарап тақырыптың атын анықтайық.

- Балалар, бүгін біз сабақта «Туған жерімнің табиғаты» мәтінімен жұмыс істейміз, біздің өлкенің табиғаты туралы әңгімелесеміз, жаңа сөздермен жұмыс жасап, етістіктің түрлерімен, ережесімен танысамыз.

Мақсаты:

Не білуіміз керек?

Не үйренуіміз керек?

Бүгін сабақта «Туған жерімнің табиғаты» туралы айтып үйренеміз. Етістіктің түрлерін ажыра алу.

Өлшемдері: «Туған жерімнің табиғаты» мәтіні туралы айта аламын.

Етістіктің түрлері ережесін айта аламын.

Етістіктің түрлерін ажырата аламын.

Жаңа сабақтың барысы.

IV. Сөздік жұмыс:

айнала – кругом;

жазықтар – равнины;

біраз бөлігін – большую часть;

көктерек – осина;

бұлан – лось;

мекендейді – обитает;

астық – пшеница;

балыққа бай – богат рыбой;

мақтаньш – гордость;

көркейтуге көмектесемін – украшать и охранять;

сол себепті – по этой причине;

қымбат – дорогой;

сүйемін – люблю.

1. Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;

- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды;

2. Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру;

- сөздерді қимыл арқылы көрсету;

- сөздерді жауып, жест бойынша еске түсіру.

3. Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрау.

Дарынды оқушы сөйлемдер құрайды.

ТДО мәтінінен білетін сөздерін теріп жазып, қалған оқушылардан аудармасын сұрау.

V. Оқулықпен жұмыс.

1) Мәтінді оқып, аудару. Дарынды оқушы мәтін бойынша сұрақтар құрайды.

Туған жерімнің табиғаты

*Менің туған жерім қандай әсем! Қандай тамаша!
Айнала – қалың орман, жасыл жазықтар. Біраз*

бөлігін ормандар алып жатыр: бұл қарағай, ақ қайыңдар, көктерек. Ормандарында бұландар, қояндар, түлкілер мекендейді. Ауылдың айналасында балыққа бай көлдер орналасқан. Бұл – Глубокое, Дёмкино, Курейное. Біздің жеріміз – астығы мол өлке.

Ауа райының жазы – ыстық, қысы – суық, аязды. Жазда жаңбыр жиі жауса, қыста қар көп жауады.

Мен өз туған жерімді мақтаныш етемін.

Сол себепті мен туған жердің табиғатын көркейтуге көмектесемін.

Дарынды оқушы сұрақтарды оқиды, оқушылар жауап береді.

ТДО мәтінін мәнерлеп оқуға дайындалып отырады.

2-тапсырма. Диалог құрып, қорғау.

Таблицадағы сұрақтар бойынша толтырылған кестелерді топпен талдау, презентация жасау (бірін-бірі бағалайды, 2+3 мин).

1-топ. Өлшемдері: 1. әртістік ...

Сұрақтар	Жауаптары	Етістіктер
Туған жерімнің табиғаты қандай?	
Ормандарында не бар?	
Налобинда қандай көлдер бар?	

2-топ.

Сұрақтар	Жауаптары	Етістіктер
Налобинда қандай ағаштар өседі?	

Ормандарында не мекендейді?	
Жазда не жауады?	

3-топ.

Сұрақтар	Жауаптары	Етістіктер
Ауа райы қандай болады?	
Ормандарында не мекендейді?	
Қыста не жауады?	

3-тапсырма: Ережемен жұмыс.

Оқушыларға ережемен кәртiшке берiледi.

Етістік – заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.

Сұрақтары: Не істейді? Не қылды? Қайтті?

Тұлғасына қарай: негізгі етістік, туынды етістік.

Негізгі етістік – сөздің түбірі етістік болады.

Мысалы: кел, жүр.

Туынды етістік – түбір етістікке жұрнақ жалғану арқылы. Мысалы: жу-ын.

Құрамына қарай: дара етістік және күрделі етістік.

Дара – бір ғана түбірден тұрады. Мысалы: баста, аяқта.

Күрделі – кемінде екі сөздің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: келіп отыр, жазып тұр.

Міндеті:

Кәртiшкедегi ереженi оқып, түсiну. Жауабын бiр-бiрiне түсiндiрiп, флипчартта көрсетiп, қорғау.

Қамажай ҚЫДЫРӘЛИЕВА,
Алматы облысының
Қарасай ауданындағы
О.Жандосов атындағы
орта мектептің бастауыш
сынып мұғалімі.

Өлшемдері: Ережені толық, дұрыс айту.
Түсінікті, жинақы болу керек.
Ауызша айт.
Мысалдар келтіру.

.....

Бағалау: бағалау қағазына топтың мүшелері бір-біріне баға қояды.

- Балалар, қазір «Светофор» арқылы түсініктерін көрсете аласындар.

Жасыл светофор - ереже түсінікті.

Сары светофор – түсінікті, бірақ мұғалімнің көмегі керек.

Қызыл светофор – ереже түсініксіз

(Қызыл түс көрсетсеңдер келесі сабақта түзету сабағын өткіземіз).

VI. Ой-толғаныс. Рефлексия.

- Балалар, бес жолды өлең не дейді?
- Ол қандай өлең, онда не бар?
- Әр топқа бір сөз беремін, осы сөзге сендер бес жолды өлең құрайсындар.

- Кім тез, әдемі өлең жасайды?

- Сабақта не істедік?
- Мақсатты орындадық па?
- Қиын жұмыс болды ма?
- Не ұнады?

VII. Үй жұмысын беру: сөз жаттау, «3» ереже, «5» мысал жазу, бағалау парақтары бойынша оқушыларға ортақ баға қою.

ТАУЛЫ ЖЕР ӨСІМДІКТЕРІ МЕН ЖАНУАРЛАРЫ

Мақсаты: өзге елді мекендермен салыстыру, қандай өзіндік ерекшелігін бар екеніне көз жеткізу.

Міндеттері: білімділігі – таулы жердің ауа райы, ондағы өсетін өсімдіктер мен жануарлар туралы мағлұмат беру; **тәрбиелігі** – табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу; **дамытушылығы** – оқушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, танымдық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: карта, кодоскоп, суреттер, кітаптар.
Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушыларды түгелдеу;

ә) Сабаққа назарларын аудару.

II. Өткен сабақтан шолу жасау.

- Құралымызды дайындап, сабаққа назар аударамыз.

- Балалар, мен сабақты өлеңмен бастағым келіп тұр.

«Кең дала, көремісің сонау жатқан,

Жібектей жасыл шөптен бетін жапқан.

Асқар тау, айдын шалқар көл мен өзен,

Әне, сол анамыз ғой мені тапқан»,- деп Сәкен Сейфуллин атамыз айтқандай, Қазақстан – кең байтақ өлке. Ол – Еуразияның ең ірі мемлекеттерінің бірі, жер көлемі жағынан 4-орында.

- Енді, балалар, картадан әр алуан түстерге назар аударайықшы. Қазақстан шалғынды жер, мол және шөлейт жерлер, су қоймалары, орман-тоғай жерлері бай.

- Олай болса, сынау арқылы тексеріп көрейік.

1. Т-мен дайындайтын шалғынды не дейміз?

- 1) шабындық;
- 2) жоңышқа;
- 3) сабан.

2. Дала өсімдігін ата:

- 1) селеу;
- 2) жусан;
- 3) қарағай.

3. Шөлді жерде мекендейтін жануарларды ата.

- 1) қасқыр;
- 2) арқар;
- 3) кесіртке.

4. Қандай дақылдан крахмал алынады?

- 1) күріш;
- 2) мақта;
- 3) сұлы.

5. Қазақстанда қандай су қоймасы бар?

- 1) Қапшағай;
- 2) Ленгір;
- 3) Бұқтырма.

III. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, картаға назар аударсақ, қызыл түспен боялған қандай жерлер?

- Таулы жер.

- Дұрыс, олай болса, таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы мағлұмат аламыз.

1) Алтай тауы – Солтүстіктен батысқа орналасқан Алтай тауы түркі тілінен аударғанда «Алтай»- алтын деген сөзді білдіреді.

Алтай орталық Алтай, кенді Алтай болып бөлінеді.

2) Тарбағатай тауы. Бұл тауды Шоқан Уәлиханов пен оның досы Потанин зерттеген.

3) Жоңғар Алатауы. Оңтүстік шығыста Қытай шекарасында орналасқан тау жүйесі. Ең биік шыңы – Басбақан шыңы. Пайдалы қазбаларға өте бай. (Жанғыш тақтатас, қоңыр көмір, вольфрам, т.б.). Мұнда «Достық» темір жолы салынған.

4) Тянь-Шань – Азия материгіндегі ең ірі таудың бірі. Қытай тілінен аударғанда «Тәңір шыңы», «аспан тауы» дегенді білдіреді. Ең биік шыңы – «Хан тәңірі» 7496 м. Полиметалға өте бай. Бұл тау орыс географы П.П.Семенов Тянь-Шаньскийдің атымен аталған.

Таулы жер өсімдіктері: көктерек, қайың, тал, терек, қарағай, үшқат, ырғай, күренот, тобылғы, итмұрын, долана, қарақат, жабайы алма.

- Балалар, Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында Қазақстанды ненің символы ретінде алды?

- Қазақстан – 2030 жылдары Орта Азия барысына айналады, яғни, біздің мемлекетіміз ең ірі алпауыт мемлекеттермен терезесі теңеледі деген сөз. Осындағы барыс қандай аң, қандай аймақтарда өмір сүреді деп ойлайсындар?

Барыс – өте епті, жыртқыш мысық тұқымдас аң. Ол – биік тау құздарды мекендейтін аң. Барыстың саны бүгінде күрт азайып кеткендіктен, қазір қорғауға алынды. Барыстың шапшаңдығы мен ептілігі туралы аңыз, әңгімелер өте көп. Апанын, үңгірін аяққа баспас жартастарға салады.

Арқар – өте ірі аң. Ол тау жайылымдарын мекендейді. Түнде мұзды алқапқа дейін өрлеп, ертеңгісімен жайылымға қайта түседі.

Таулы жер құстары:

Таулы жер құстары өте көп. Биік тасты құздарда ұлар тіршілік етеді.

Ұлар – ірі, түсі рендес сұрғылт құс. Ол 5-10-нан топтасып жүреді. Олар қыста тас қуысына топтасып, қонақтайды. Олар бір-бірін жылытып, суықтан қорғайды.

Қозықұймай – тік құздарды мекендейтін құс. Еліктің лағы, суыр, арқардың қозысымен қоректенеді. Ол ірі тұяқты жануарларға шабуыл жасайды.

Бұлардан басқа бүркіт, үкі, жапалақ, құр, шіл, тоқылдақ, т.б. құстар тіршілік етеді.

Шаруашылықтары: бұғы, омарта шаруашылығы дамыған.

Қорытындылау.

Үйге тапсырма беру.

Гүлнар САҒЫНДЫҚОВА,
Астана қаласындағы
КеБМ «Экономикалық лицейінің»
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Сабақтың мақсаты: тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту. Өз ойларын сауатты жазуға, ауызекі тілде дұрыс сөйлеуге үйрету. **Міндеттері: білімділік** – адам тіршілігінде табиғаттың алар орыны, маңыздылығы жөнінде көзқарастарын тереңдету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, өз бетінше білім алып, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларға қоршаған ортаны, табиғаттағы тіршілік иелерін қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** топпен және жеке жұмыстар, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ой қозғау. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, ән сабағы, жағрапия. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайд, бейнефрагмент, бағалау парақшасы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау.

3. Сабақтың мақсатын айту (осы кезде бейне көрініс көрсетіледі).

II. Үй жұмысын тексеру:

1. «Азамат үні» (өлеңді жатқа айту).

2. Үй жұмысын қорытындылап, жаңа сабаққа көшу.

III. Жаңа сабақ:

- Жаңа сабаққа дейінгі көрген бейнекөріністеріміз не туралы болды?

(табиғат, жер, су, жануар, табиғат пен жануар, аңдар).

- Қазіргі айтылған өлең не туралы болды?

Табиғатсыз адамның күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.

1. Сонымен жаңа сабақтың тақырыбы:
«Табиғатты қорғайық!»

2. Мәтінмен жұмыс.

3. Жаңа сөздермен жұмыс:

а) сөзтіркесін құру;

ә) сөйлем құру.

4. Мәтінді оқу:

а) сұрақ-жауап;

ә) мәтінді бөлімге бөліп оқу.

5. Білімділік дағдыларын қалыптастыру.
Дәптермен жұмыс.

а) грамматикалық тапсырмалар:

- Мәтіннен етістіктерді тауып, теріп жазындар;

ә) Мына сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын ажырат:

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1. Табиғаттағы барлық нәрсе өзара тығыз байланыста болмайды.		
2. Адам айналадағы ортамен, өзен-көлдермен, ауамен байланысқа түседі.		
3. Бір кездері қасқыр, түлкі, қабан сияқты жыртқыш аңдарға қарсы күрес жүргізілді.		
4. Біз өзімізге зиян келтіріп алмау үшін сол табиғи байланыстарды танып-білуіміз керек емес.		

IV. - Балалар, сіздерге тапсырма берілген. Әр топ өз тапсырмаларыңызды қорғайсыздар. ҚР-ның картасымен жұмыс:

1-топ – «Көлдер».

2-топ – «Жануарлар».

3-топ – «Өсімдіктер».

4-топ – «Экология».

Сынақ шараларына жауап бер:

1. Судың да сұрауы бар.

2. Құсы кеткен жердің құты кетеді.

3. Ағаш ексең аялап, басыңда болар саябақ.

4. Тозған жерде тоқшылық болмайды.

«Пирамида» жеке жұмыс тапсырмасы.

- Балалар, берілген сөздерден сөз тіркестерін, сөйлем құраңдар

2-тапсырма:

1. Қазіргі кездегі өзен-көлдер мәселесін шешу үшін сіз не істер едіңіз?

2. Қазіргі кездегі жануарлардың азаю мәселесін шешу үшін сіз не істер едіңіз?

3. Қазіргі кездегі өсімдіктердің жойылу мәселесін шешу үшін сіз не істер едіңіз?

4. Қазіргі кездегі экология мәселесін сіз қалай шешер едіңіз?

- Балалар, өздерің айтып отырғандай, адам әрекетімен өзгеріске ұшырайтын қоршаған ортаны қалай қорғау керек екендігін, оларды шешу жолдарын да талдап, дәлелдеңдер. Енді сабағымызды мына ертегімен қорытындылайық.

V. Сабақты қорытындылау.

Әкеге құрмет

Ертеде бір қарияның үш ұлы болыпты. Олар әкелерін өте құрметтепті. Әкелері үшін «Денсаулықтың мекенін» іздейді.

Үлкен ұлы денсаулықтың мекенін табиғаттың «Саялы орманынан», ортаншы ұлы «Таза көлді» елінен, кіші ұлы «Көрікті жер» елінен әкелеріне осындай үлкен сый-құрмет жасайды.

Адам қашан да табиғаттың сұлулығына, әсемдігіне, тамсанған, таңданған, қуанып шабыт алған және қамқорлық жасаған.

- Осы мысалдағыдай сіздер де ата-аналарыңызды құрметтеп, қадірлеңіздер.

VI. Оқушылардың жұмысын бағалау.

VII. Үйге тапсырма: мәтінді оқып, мазмұнын айту.

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Раушан САҒАТБЕКОВА,
Өскемен қаласындағы
№37 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРЫ БАЙ ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға ғалым туралы ақпарат, түсінік беру. Өз ойларын, пікірін айтуға үйрету. Сөйлемдерді дұрыс құрап, сұрақ-жауаптарын сауатты айтуға үйрету. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың жатық тілмен сөйлеуін қадағалау, теориялық білімін қалыптастыру; **дамытушылық** – есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын байыту, дұрыс сөйлеуге баулу; **тәрбиелік** – белгілі тұлғаларды танып-білуге, сыйлауға, оларға еліктеп өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Оқытудың түрлері:** ұжыммен, жалпы сыныппен жұмыс. **Әдісі:** түсіндірме, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сөйлесу. **Көрнекілігі:** слайдтар, электронды оқулық.

Сабақтың барысы.

I. **Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу, тексеру, сабақтың мақсатын айту.

II. **Жаңа сабақ:** сабақты бастамас бұрын оқушының алдын ала мектеп қабырғасында жүргізген сауалнамасы туралы ақпарат тыңдау, яғни, біздің

мектепте қанша адам Қ.Сәтбаев туралы біледі және не біледі?

Мектепте оқушылардың 40%-ы осы ғалым туралы біледі, ал 60%-ы білмейді.

1. Оқушылардың Қ.Сәтбаев туралы жасаған презентациясын көру (алдын ала берілген тапсырма).

Оқушылар екі топқа бөлініп жұмыс жасайды,соңында топтық бағалау болады.

2. **Сөздік жұмысын** жүргізу, дұрыс оқу, синонимін айту.

Сөздік:

Сөз	Аудармасы	Синоним
Тұңғыш	первый	алғашқы, бірінші
Есімі	имя	аты
Жан-жақты	многогранный	көп қырлы
Ықпалы	влияние	әсері
Байлығы	богатство	молшылық
Дүниеге келген	родился	туған
Дүниеден қайтты	умер	қайтыс болды

3. **Мәтінмен жұмыс:** оқу, ауызша аудару, түсінгендерін айту.

4. **Сұрақ-жауап жұмысы:**

- Қ.Сәтбаев кім?
- Ол не істеді?
- Қаныш Сәтбаев қашан,қай жерде туған?
- Ол қашан, қай жерде қайтыс болды?
- Ғалымның атымен нелер аталады?

III. **Жазбаша жұмыс:** 16-жаттығуды орындау.

IV. **Сергіту сәті:** оқушыларды демалдыру мақсатында Қ.Сәтбаевтың өмірінен бір оқиға айту. Англияның үкімет басшысы Уинстон Черчилль: - Сіз

қазақсыз ғой, біздің түсінігімізде қазақ халқы қысқа бойлы, қара пішінді адамдар дейтін еді, ал сіздің түсіңіз аққұба, бойыңыз – ұзын, дененің – ірі ғой. Бұл қалай депті?

Сонда Қаныш: - О, сэр, не дегеніңіз, сізге біреу жаңсақ түсіндірген ғой, біздің халқымыз Алатауға қарап еркін өскен ерлер, бәрі ірі, олардың арасында мен ең аласа, ең ұсағымын депті.

V. **Тексеру жұмысы:** осы сабақ барысында алған ақпаратты, білімін тексеріп, бекіту мақсатымен 3 минуттық жұмыс алу.

Тест жұмысы:

1. Қ.Сәтбаев кім?

а) ақын; ә) ғалым; б) әнші.

2. Ол не істеді?

а) планета ашты;

ә) өлең жазды;

б) ғылымның дамуына ықпал етті.

3. Қаныш Сәтбаев қашан туған?

а) 1994; ә) 1899; б) 1988.


4.Ол қай жерде қайтыс болды?

а) Астанада; ә) Алматыда; б) Мәскеуде.

5.Ғалымның атымен нелер аталады?

а) гүлдер; ә) саябақтар; б) қалалар.

VI. **Қорытындылау.** Қ.Сәтбаев туралы барлық білгендерін пысықтап,ортаға салады, сызба толтырады, интерактив тақтаны пайдаланып, сөздерді жылжыту арқылы диаграмма толтыру: көп қырлы адам, жан-жақты, дарынды, ғалым, тұңғыш президент, академик.



VII. Үй жұмысын беру, рефлексия: ғалым туралы эссе жазу.

Бағалау.



Жанна ЖҰЛҚАШОВА,
А.С.Макаренко атындағы №6 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

СИНОНИМШІЛ АДАЛ ДОС

(6-сынып)

Мақсаты: мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға дұрыс жауап бере білуге, түсінгенін еркін, жүйелі түрде әңгімелей білуге дағдыландыру. Синоним сөздерді ауызекі тілінде дұрыс қолдана білуге үйрету. Сөздерге

фонетикалық талдау жасауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Міндеттері:** **білімділік** – тілге төселдіру, синоним сөздер туралы түсінігін орнықтыру, фонетикалық көзқарасын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту. Сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – достықты қадірлей білуге, досына адал болуға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, салыстыру, деңгейлеп саралап оқыту, қайталау, Синквейн әдісі, ойын элементтерін қолдану. **Түрі:** жаңа сабақ түсіндіру. **Көрнекілігі:** сюжетті суреттер, дыбыстар кестесі, бейнероликтер, үлестірмелі кәртішкелер.

Сабақтың өту барысы.

1. Ұйымдастыру:

- а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- ә) Фонетикалық жаттығу (кесте бойынша).

2. Үй тапсырмасын тексеру:

3. Жаңа сабақ: Адал дос. Синоним.

- 1) Сабақтың мақсаты мен міндетін айту.
- 2) Мәтінмен жұмыс:
 - а) Мәтінді оқу (мұғалім);
 - ә) Мәтінді оқу (оқушылар оқиды, таныс емес сөздерді атайды);
 - б) Жаңа сөздермен жұмыс:
адал – верный;
жайбарақат – спокойно, безмятежно;

құтқарып алды – спасли;

демікпе – астма;

сырқат – болезнь;

төбет – большой пес;

арсылдау – гавкать;

қарсы ұмтылды – двинулся навстречу.

Жаңа сөздерді мұғалімнен кейін қайталау, хормен, жеке оқып жаттығу. Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құру.

в) Рөлге бөліп оқу.

г) Мәтін бойынша сұрақ-жауап жұмысы:

- Көше бойымен кімдер әңгімелесіп келе жатты?

- Олардың аттары кім?

- Абыздың денсаулығы қандай еді?

- Олардың алдынан не шыға келді?

- Абыз не деп айқайлады?

- Аблан не істеді?

- Абланды кім құтқарып қалды?

- Аблан неге қашпады?

- Олардың сөзін естіген үлкендер не деді?

- Адал дос қандай болу керек?

д) Сұрақтарға сүйене отырып, мәтіннің мазмұнын айту.

3) Интерактивті тақтадан «Адал дос қандай болу керек?» тақырыбына оқушылардың өздері дайындаған сұхбатты тамашалау.

Мақал-мәтелдермен жұмыс.

а) Дос қиындықта сыналады (оқу, мағынасын ашу, орысша баламасын айту).

ә) Интерактивті тақтадан басқа сынып оқушыларының дайындаған мақалдарын тыңдау, қайталау, мағынасын ашу:

Досы көпті жау алмас,

Ақылы көпті дау алмас.

Жігіт досынан белгілі.

Ескі дос келгенде, жаңа достың көзінен жас шығар.

Сергіту сәті. Жаңылтпашпен жұмыс.

Айта-айта жақ талды,

Қайта-қайта жатталды.

Қайта-қайта жақ талды,

Айта-айта жатталды.

(Дұрыс және жылдам айтып, тілдерін жаттықтыру)

Грамматикалық тақырып – «Синоним»:

1. Өткен грамматикалық тақырыпты қайталау арқылы жаңа тақырыпқа көшу:

а) Мәтін ішіндегі «қара» сөзінің мағынасын түсіндіру;

ә) Бұл қандай сөздер? Омоним сөздердің ережесін қайталау;

б) «Қара» сөзін әр түрлі мағынада қолданып, сөйлем құру.

2. а) Мәтін, мақалдар ішінен антоним сөздерді табу.

Дос – жау;

Нашар – жақсы;

Үлкен – кішкентай.

ә) Антоним сөздердің ережесін еске түсіру.

б) Жоғарыда аталған антоним сөздермен сөйлем құру.

3. Ережемен жұмыс.

Синонимдер – мағынасы жақын, дыбысталуы әр түрлі сөздер.

Мысалы: әдемі – көркем, сұлу;

ежелден – бұрыннан, ертеден.

4. Тапсырмалармен жұмыс.

а) Мәтін ішінен берілген сөздердің синонимін табу:

Жолдас – дос; Жаман – нашар;

Бұтақ – шыбық; Ауру – сырқат;

Үлкен – дәу.

ә) Осы сөздермен сөз тіркесін құру.

б) Деңгейлік тапсырмалар. (Кәртiшкелермен жұмыс).

I деңгей. Көп нүктенің орынына тиісті әріпті қойып жазыңдар.

Абыздың дем...кпе с...рқаты болатын. Бір үйдің жанынан д...у қара т..бет шыға келді. Аблан жерден ш...бық алып, итке қарсы ұмтылды. Үлкендер Абланды қ...тқарып алды.

II деңгей. «Адал», «достық» сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

III деңгей.

1. Жоғарыда берілген синоним сөздермен сөйлем құру.

2. Мәтінді өзінше аяқтау.

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді

5. Тақырып бойынша бес жолды өлең құру:

1. Дос.

2. Адал, сенімді.

3. Таныстым, кездестірдім, құттықтадым.

4. Досымды туған күнімен құттықтадым.

5. Жолдас.

4. Бекіту, қорытындылау:

- Мәтінде кімдер туралы айтылған?

- Абыз бен Аблан қандай дос?

- Адал дос қандай болу керек?

- Синоним дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

6. **Үй тапсырмасы:** Деңгейлік тапсырмаларды орындау:

I деңгей. Жаңа сөздерді жаттау, оларды қатыстырып сөз тіркесін, сөйлем құру.

II деңгей. Дос туралы 3 мақал жаттау, мағынасын түсіндіру, жаңа сөздерді жаттау.

III деңгей. «Адал дос қандай болу керек?» тақырыбына эссе жазу.

VII. Бағалау.

Айсұлу НӘЛИЕВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

НӘТИЖЕ САБАҚТА – ҚАЗАҚ ОТБАСЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Қазақ отбасы» модулі бойынша оқушылардың білімдерін тиянақтау.
Міндеттері: оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын байыту, ойын жүйелі түрде айтуға, сауатты оқуға, жазуға дағдыландыру, қазақ отбасындағы тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен таныстырып, туыстық қатынастарды білуге, үлкендерді құрметтеуге, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.

Түрі: саяхат сабағы (бекіту сабағы). **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, тест жұмысы, тіл дамыту, т.б. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тақырыпты суреттер, т.б.

Сабақты өту барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу.

2. Оқушылар назарын сабаққа аудару.

Сабақ интерактивті тақта арқылы жүргізіледі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- 12-13 сабақ бойы біз «Қазақ отбасы» модулі бойынша жұмыстандық. Осы модульден білгеніміз:

- Отбасы мүшелері.
- Туыстық атаулар.
- Қазақ отбасының тәлім-тәрбиесі.
- Жеті қазына мен жеті ырыс.
- Адамның құндылығы.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері, т.б. туралы мағлұмат алдық және салалас құрмалас сөйлемдермен таныстық. Бүгінгі сабақта осы модуль бойынша алған білімдерімізді жинақтап бекітеміз. Сабағымыз 7 аялдама бойынша саяхат түрінде өтеді:

1-аялдама – «Сөз өнері».

2-аялдама – «Сиқырлы сандар».

3-аялдама – «Өнер алды – қызыл тіл».

4-аялдама – «Тәлім-тәрбие».

5-аялдама – «Ұлағатты ұғымдар».

6-аялдама – «Грамматика әлемінде».

7-аялдама – «Не білдім?».

Әрбір аялдамада түрлі тапсырмаларды орындап, келесі аялдамаға жету қажет.

Сабағымызды бастаймыз, сәтті сапар тілеймін!

1-аялдама – «Сөз өнері».

1-тапсырма: берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Нағашылар, ата, әже, немере, шөбере, ұл, қыз, жиен, жеңге, жезде, ағайын.

2-тапсырма: берілген сөздердің сөз табын және синонимдерін анықтаңдар.

Отбасы –

Әке-шеше –

Сәби –

Ағайын –

Құрметтейді –

Ұрпақ –

Қасиетті –

Салт-дәстүр –

3-тапсырма: адамның мінезін сипаттайтын тұрақты тіркестерді дұрыс сәйкестендіріңдер және аударыңдар.

Жылқы *қозыдай*

Су *шөп алмас*

Тас *жүрек*

Құлан *мінезді*

Тойған *бауыр*

Қой ауызынан *таза*

2-аялдама – «Сикырлы сандар».

Қазақ отбасы:

1. Қазақ халқы жас ұрпақты қалай тәрбиелеген?

2. ҚР Конституциясында ата-аналар мен олардан тараған балалардың қарым-қатынастары туралы не жазылған?

3. Қазақ отбасында әкенің, шешенің орыны қандай?

4. Дәстүрлі қазақ отбасында әке-шешесі үйленген ұлдарына, тұрмысқа шыққан қыздарына не береді?

5. Қазақ отбасында қыздың орыны қандай?

Қазақ халқының салт-дәстүрлері:

1. Қазақ халқының дүниеге келген балаға қатысты салт-дәстүрлерін атаңдар.

2. Сәбидің алтын ұясы деп нені атайды?

3. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той қалай аталады?

4. Бесікке салу рәсімі қандай адамға жүктеледі?

5. Тұсау кесу рәсімінде қандай кәде беріледі?

Салалас құрмалас сөйлем:

1. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2. Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін атаңдар?

3. Кезектес салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

4. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем қандай жалғаулықтар арқылы жасалады?

5. Қарсылықты салалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне қандай мәнде айтылады?

3-аялдама – «Өнер алды – қызыл тіл».

Тапсырма: мақал-мәтелдерді толықтырыңдар.

1. Әкеге қарап –

Шешеге қарап –

2. Балалы үй –

Баласыз үй –

3. Атаңа не

Алдыңа сол.....

4. Жеті атасын білмеген –

5. Балалы болғанда

6. сыйламаған кісіні,

..... сыйлаймайды.


7. құрмет,
.....ізет.
8. қарап тал өсер,
..... қарап бала өсер.
9. отау иесі.
10. ұяда не көрсе,
..... соны іледі.

4-аялдама – «Тәлім-тәрбие».

1-тапсырма: Ғалым Ш.Ахметовтың зерттеулерінде қазақ отбасында тәрбие ісі негізінен басты 8 түрлі мәселені қамтыған. Сол тәрбие ісінің негіздерін есімізге түсіріп тірек-схема құрастырамыз.



2-тапсырма: Тыйым сөздер қазақ халқының тәрбие құралы болып саналады. Балаларды есі кірген кезден бастап жаман әдет, орынсыз қылық, теріс мінездерден тыйып отырған. Тыйым сөздер халық арасында кең тараған, сол сөздерді есімізге түсіріп, кейбіреулерін пайдаланып тірек-сызба құрастырамыз.



5-аялдама – «Ұлағатты ұғымдар».

Қазақ халқында сандарға байланысты «Жеті қазына», «Жеті ырыс», т.б. ұлағатты ұғымдар бар. Аталған ұғымдар – қазақ халқының мәдени мұрасы, тіліміздегі ерекше тапқырлық өнеріміздің биік әрі шеберлік көріністерінің бай қазынасы. Өткен сабақтарда біз бірнеше ұғымдармен таныстық, енді соларды есімізге түсіріп, тапсырмаларды орындауға тырысамыз.

1-тапсырма: керек сөздерді орынына қой.

Жеті қазына.

1. Жүйрік.
2. Қыран.
3. Құмай.
4. Берен.
5. Қанды ауыз.
6. Майланғыш.
7. Өткір.

Керек сөздер: ырыс, бала, кездік, ат, мылтық, бүркіт, қақпан, тазы, ақыл, ау.

2-тапсырма: керек сөздерді орынына қой.

Жеті жетекші:

1. Адамның басшысы –
2. Жетекшісі –
3. Жолаушысы –
4. Жолдасы –
5. Қорғаны –
6. Қорғаушысы –
7. Сынаушысы –

Керек сөздер: *кәсіп, талап, ой, халық, мінез, ақыл, сабыр.*

3-тапсырма: атауларды ретімен қой.

Жеті ата:

1. атасы
2. өзі
3. тек ата
4. баба
5. әкесі
6. арғы атасы
7. түп ата

6-аялдама – «Грамматика әлемінде».

1-тапсырма: сөйлемдердің түрлерін анықтаңдар.

Мен үндемедім, бірақ өз пікірімде қалдым.

Еңбек адамды көрікті етеді және ойды тазартады.

Олар бірде би билейді, бірде ән салады.

«Отан» деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз адамның туып-өскен жері.

Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлағымен естіген айтар.

Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

Оның ойын достары қостады әрі туыстары да осылай шешті.

Кейде өзі оқып береді, кейде тәрбиешілер көмектеседі.

2-тапсырма: сөйлемдерге синтаксистік талдау жасандар.

Ана өз баласын жанымен, қанымен сүйеді.

Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.

Өзін сыйлай білмеу – бақытсыздық, өзіне шексіз риза болу – ақымақтық.

7-аялдама – «Не білдім?».

Тапсырма: тест жұмысын орындау.

I нұсқа

1. Немере кімнің баласы?

- а) Әкенің баласы; ә) Қыздың баласы;
б) Ұлдың баласы; в) Бөленің баласы;
г) Жезденің баласы.

2. Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықта:

- а) ыңғайлас; ә) жалаң;
б) жақты; в) атаулы;
г) толымды.

3. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын тап?

- а) не, немесе, я, яғни, әлде;
ә) бірақ, алайда, дегенмен;
б) біресе, кейде, бірде;
в) да, де, та, те, және, әрі;
г) сондықтан, себебі, өйткені, неге десең.

4. Нағашы ата деген кім?

- а) әкенің шешесі; ә) әкенің әкесі;
б) ананың апасы; в) ананың әжесі;
г) ананың әкесі.

5. «Құлан таза» деген тұрақты тіркестің мағынасын анықта?

- а) мейірімді; ә) тапқыр;
б) айлакер; в) шыншыл, адал;
г) құрметті.

6. Жеті атасын білмеген-...

- а) ақылсыз; ә) тәртіпсіз;
б) дәмсіз; в) бақытсыз;
г) жетесіз.

7. Отбасы мүшелерін ата?

- а) ата, әже, әке, шеше;
ә) қыз, бала, көрші, іні;
б) аға, апа, құрдас, сырлас;
в) қарындас, жиен, әріптес, ауылдас;
г) нағашы, жеңге, оқушы, сіңлі.

8. Ер жігіттің қанаты – ...

- а) қыран бүркіт; ә) құмай тазы;
б) жүйрік ат; в) берен мылтық;
г) қанды ауыз қақпан.

9. Сөйлем түрін анықта.

Жүрген жерін білетін шығар, өйткені ол да жақында Жайық бетінен келді.

- а) ыңғайлас; ә) кезектес;
б) қарсылықты; в) себеп-салдар;
г) талғаулы.

10. «Шілдехана» деген не?

- а) жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той;
ә) үйлену тойы;
б) туған күнге арналған той;
в) қыз ұзату тойы;
г) мерей жасқа арналған той.

II нұсқа

1. Шөбере кімнің баласы?

- а) немеренің баласы; ә) әкенің баласы;
б) ұлдың баласы; в) қыздың баласы;
г) бөленің баласы.

2. Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықта?

- а) толымсыз; ә) кезектес;
б) жақсыз; в) жайылма;
г) атаулы.

3. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын тап:

- а) не, немесе, я, яғни, әлде;
ә) бірақ, алайда, дегенмен;
б) біресе, кейде, бірде;
в) да, де, та, те, және, әрі;
г) сондықтан, себебі, өйткені, неге десең.

4. Ата деген кім?

- а) әкенің шешесі; ә) әкенің әкесі;
б) ананың апасы; в) ананың әжесі;
г) ананың әкесі.

5. «Су жүрек» деген тұрақты тіркестің мағынасын анықта:

- а) қадірлі; ә) үлкен;
б) қорқақ; в) тату-тәтті;
г) қарапайым.

6. Он үште – ...

- а) асқар тау; ә) балаға сыншы;
б) қу мазар; в) жетімдіктің салдары;
г) отау иесі.

7. Отбасы мүшелерін ата:

- а) шеше, әже, іні, сіңлі;
- ә) кеңесші, бала, әке, ағайын;
- б) көрші, қыз, жезде, ана;
- в) замандас, нағашы, бөле, аға;
- г) ақылшы, ата,апа, қарындас.

8. Ер жігіттің сенімді серігі – ...

- а) құмай тазы; ә) қыран бүркіт;
- б) жүйрік ат; в) қанды ауыз қақпан;
- г) берен мылтық.

9. Сөйлем түрін анықта:

Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын.

- а) кезектес; ә) талғаулы;
- б) ыңғайлас; в) қарсылықты;
- г) себеп-салдар.

10. «Бесікке салу» деген не?

- а) ұлттық ойын; ә) дәстүр;
- б) тұрақты тіркес; в) мақал-мәтел;
- г) қазына.

Сабақты қорытындылау:

- Сонымен, біз «Қазақ отбасы» модулі бойынша саяхатымызды аяқтадық.

Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

1. Бүгінгі саяхат сабағымыздан не білдік?
2. Қазақ халқы қазақ отбасынан құралады, сонымен қазақ халқы қандай деп ойлайсындар?
3. Қазақ отбасының тәлім-тәрбиесінің негіздері қандай?
4. Болашақта ата-ана болғанда, қазақ отбасының тәлім-тәрбиесін үлгі ретінде пайдаланасындар ма?

Оқушыларды бағалау.

Кұлбағыш КӨШКІНОВА,
Абай орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Зеренді ауданы,
Қонысбай ауылы.

ОЙ АЙТҚЫШ ЖАҚ ИВ КУСТОНЫҢ ШІКІРІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: ұлы ғалымның өмірімен, еңбектерімен, ашқан жаңалықтарымен оқушыларды таныстыра отырып, танымдық білімдерін арттыру.
Міндеттері: білімділік – ғалымның балалар өмірінде атқарған рөлінің ерекше салмақтылығын таныту, танымдық тағылымы жан-жақты екеніне тоқталу, ерлікке пара-пар іс-әрекет істегеніне көңіл бөлу; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, өз ойларын тұжырымдап айта білуге дағдыландыру, шығармашылық қабілеттерін, белсенділіктерін арттыру; **тәрбиелік** – ғалымның өмірін үлгі ете отыра, Табиғат – Ананы аялауға баулу, экологиялық тәрбие беру.

Түрі: ойын элементтері аралас танымдық сабақ.
Әдіс-тәсілі: СТО элементтері, сұрақ-жауап, «Қар кесегі» оқыта-үйрету ойыны, топпен жұмыс.
Көрнекілігі: компьютер, интерактивті тақта (танымдық слайдтар), қосымша мәтіндер жазылған парақтар, нөмірленген: (А, Ә, Б жазуы бар және 1, 2, 3

деген сандар жазылған қатты қағаздар. А-1, А-2, А-3; Ә-1, Ә-2, Ә-3; Б-1, Б-2, Б-3 жазулары бар жетондар).

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу. Сыныпты үш топқа: А, Ә, Б тобына бөліп, топ басшыларын сайлау.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Толықтауыштың анықтамасын айту. Үйге берілген сөйлемдерден тура, жанама толықтауыштарды тауып, астын сызу.

III. Жаңа сабақ. Қызығушылықты ояту.

«Миға шабуыл». 1-слайд: (Жак ив Кустоның портреті көрсетіледі).

- Балалар, мына суреттегі адамды танысындар ма? Бұл кім? Ол туралы не білесіңдер? Қазір бұл адам тірі ме, жоқ па? Ол немен айналысады? Оны қайдан көрдіңдер?

Оқушылар білгендерін айтады.

2-слайд: Сабақтың эпиграфын оқып беру.

IV. Мағынаны тану. Оқулықпен жұмыс (250 бет). «Ғалымның пікірі» мәтінін түсініп оқу.

Оқушылар мәтінді оқып болғаннан кейін мұғалім:- Балалар, бұл мәтіннен Кусто туралы көп мәлімет алдыңдар ма? Ол туралы бұдан да көп білгілерің келе ме? (Мұғалім оқушыларды қызықтырып, сабақты өрбітіп отырады).

V. «Қар кесегі» оқыта-үйрету арқылы алған білімдерін толықтыру.

3-слайд: «Жак ив Кусто» мәтіні.

- Олай болса, балалар, «Жак ив Кусто» атты мәтінмен танысайық:

3 оқушыдан тұратын үш топтың (А, Ә, Б) әрбір

оқушысына үш азат жолдан тұратын бірдей мәтін таратылады (барлығы 9 оқушыға – 9 мәтін):

1-үстелдің басына – А тобы: (А-1, А-2, А-3 жетондары бар) – 1-азат жолды оқиды.

2-үстелдің басына – Ә тобы: (Ә-1, Ә-2, Ә-3 жетондары бар) – 2-азат жолды оқиды.

3-үстелдің басына – Б тобы: (Б-1, Б-2, Б-3 жетондары бар) – 3-азат жолды оқиды.

Әр топ тек өзіне керекті абзацты оқиды. Жұппен жұмыс жасайды, содан кейін ортаға салады, яғни, топпен жұмыс (5 минут уақыт беріледі).

5 минут өткен соң А, Ә, Б әріптерінің орынына 1, 2, 3 сандары қойылады.

Оқушылар жаңа топ құрады:

1-топ: (А-1, А-2, А-3 жетондары бар)

2-топ: (Ә-1, Ә-2, Ә-3 жетондары бар)

3-топ: (Б-1, Б-2, Б-3 жетондары бар)

Әр топтың бір мүшесі оқыған азат жолын мазмұндайды. Сөйлеушімен бір топта болғандар толықтырып отырады. Топ басшысы сөйлеушілерді параққа бағалап отырады. Қалған екі топ мүшелері мұқият тыңдап, дәптеріне жоспар не сызба жазады. Сосын 2-топ өз азат жолын, 3-топ өз азат жолын кезекпен мазмұндайды.

Тапсырма:

1-топ: Оқыған бөліктерге (азат жолдарға) ат қою.

2-топ: «Зерттеуші» сөзіне 5 жолды өлең құрастыру.

3-топ: Мәтін бойынша жоспар құру.

VI. 4-слайд: (Франция картасы). Картамен жұмыс.

Оқушылар Франция картасынан Тулон, Париж қалаларын, Жерорта теңізін көрсетеді.

VII. 5-слайд: Кусто ашқан жаңалықтар.

- Балалар, әйгілі француз ғалымы қандай жаңалық ашты, нені ойлап тапты? (батискаф, акваланг, әйгілі «Титаник» кемесінің суреттері көрсетіледі).

VIII. Сөздік жұмысы.

Сөздік жұмысын INSERT стратегиясы арқылы орындау:

Мұхит зерттеушісі – океанограф; мұхит түбінен – со дна океана; толғандырады – волнует; су өткізбейтін камера – водонепроницаемая камера; жарық беретін – осветительные; саналы азаматтар – разумные люди; жол апатына ұшырау – попасть в автокатастрофу.

IX. Ойтолғаныс. Топпен жұмыс.

«Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» стратегиясы.

Үш топқа мәтін бойынша тапсырма.

А тобына тапсырма:	Ә тобына тапсырма:	Б тобына тапсырма:
Даталарды жазу	Мекен-жайды жазу	Болған оқиғаны жазу

X. 251-беттегі мәтінді пайдаланып, сөйлемдердің дұрыс не бұрыс екенін анықтау (тапсырма ауызша орындалады).

XI. Үйге тапсырма: Жак ив Кустоға «Алғыс хат» жазу.

XII. Бағалау парағын тақтаға іліп, оқушылардың бағаларын айту.

Ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.

ЕТІСТІКТІ МАМАНДЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: оқушылардың қазақ тілінде ауызекі сөйлеу тілін дамыту, мамандық туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету, етістік, оның түрлері туралы білімдерін пысықтау. Сөздік қорын молайту, түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін, тілін, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, еңбекке, білімге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: жекелей, топтық жұмыстар, шығармашылық жұмыс, мәтінмен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, Венн диаграммасы, синквейн.

Көрнекіліктер: мамандық түрлеріне байланысты суреттер, қанатты сөздер, интерактивті тақта, слайд.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылар мен қонақтармен сәлемдесу.

- Қайырлы күн, құрметті қонақтар, оқушылар!
Кезекші мәліметі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

1. Сабаққа қызығушылықты ояту (Оқушыларға интерактивті тақтада белгілі бір кәсіп иелері көрсетіледі).

Оқушылар сурет бойынша «Бұл кім?» деген сұраққа жауап береді.

- Бұл кім?
- Мұғалім;
- Аспазшы;
- Құрылысшы, т.б.
- Берілген сөздерді бір атаумен, бір сөзбен қалай атаймыз?

- Дұрыс. Балалар, тақтаға көңіл аударайық.

Сабақтың мақсатын айту /оқушылар айтады/.

Әр түрлі мамандықтар туралы сөйлесу; мамандыққа байланысты ұғымдарын қайталап тереңдету.

Мұғалім: - Дұрыс айтасыңдар. Сабақтың мақсаты – мамандық әлемі, оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар түрлерін қайталап, тақырыпқа байланысты ұғымдарды тереңдету, сөздік қорын молайту. Ал, енді, балалар, жұмысымызды әрі қарай жалғастырамыз. Біз бірнеше мамандық иелерін атап шықтық, бірақ мамандықтар бұдан ғана тұрмайды ғой. Сондықтан біз тағы да мамандық түрлерін сурет арқылы қайталаймыз. Суретіне назар аударыңдар. Әр суреттің атауы дұрыс жазылды ма? Бұрыс жазылған. Сендер суреттердің атауларын дұрыс орналастыруларың керек.

IV. Негізгі бөлім.

1. Ой шақыру:

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар. Жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады?

- Ал енді, балалар, сендер қалай ойлайсыңдар мамандық дегеніміз не?

«Мамандық» сөзін естігенде ойларыңа бірінші не келеді?

Кластер әдісі арқылы әр топ өз ойларын айтып, тақтада жауабын көрсетеді.



2. Мұғалім: - Ал, енді, түсіндерме сөздіктен «Мамандық» сөзіне осындай анықтама берілген. Дәптерлеріңді ашып, тақырыпты жазып қойыңдар.

Мамандық (профессия) – латын сөзінен шыққан, “professio” - анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

3. Мәтінмен жұмыс. Сөздік:

Өзекті – основной, стержневой, имеющий стержень;

Ерекшелік – особенность;

Жетелейді – ведет /ведет за руку/;

Таңдау – выбирать;

Қызығушылық – интерес;

Талаптанады – стремится, добивается;

Жауапкершілік – ответственность;

Қалауына сүйену – опираться на выбор.

Мамандықтардың түрлері өте көп. Олар: дәрігер, аспазшы, экономист, зертханашы, медбике, т.б. Әр мамандықтың өз ерекшеліктері болады. Өнші халық алдына шығып ән салады. Дәрігер – өмірінің арашасы. Ұстаз шәкірттерді білімге жетелейді. Жазушы сөзбен өрнек салады. Мамандықтың барлығы керек.

Адам жас кезінен мамандықты тандай бастайды. Терең білім алуға талаптанады. Өз бетінше ізденеді, көп оқиды. Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, қалауына сүйену керек. Кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс,

коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Жақсы маман болу үшін көп еңбек ету керек.

4. Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Мәтінді оқып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

II деңгей. Мәтіннен бір сөйлемді сөйлем мүшесіне талдаңдар.


III деңгей. Мәтінді оқып, жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша қысқаша әңгімелеңдер.

5. Топтық жұмыс. Жоғарыдағы мамандық түрлерінің біреуін тандап алып, оның қажеттігі, талаптары тұрғысынан сипаттама беріңдер. 5-7 минут уақыт беріледі. Топта талқылап, ұжымда жариялайды.

1-топ – _____ 2-топ – _____ 3-топ – _____

6. Венн диаграммасын толтыру. Алған мамандықтардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтап жазу.

Венн диаграммасы.



Мұғалім: - Кластер толтырайық. Қандай мамандықты, кәсіпті алсақ та, әр адам өз мамандығының шебері болуы керек. Ал жақсы маман қандай болу керек? Әр түрлі салада жақсы маман болу үшін адам қандай болу керек?



РЕФЛЕКСИЯ. 5 жолды өлең құрастыру /синквейн/:

1. Бір зат есім. Кім?
2. Екі сын есім. Қандай?
3. Үш етістік. Не істейді?
4. Төрт сөзден құралған сөйлем.
5. Балама сөз /синоним/.

V. Сабақты қорытындылау.

Сұрақтар:

а/ Бүгін сабақта біз не туралы сөйлестік?

ә/ «Мамандық» деген сөз қай тілден шыққан?

Неі білдіреді?

б/ Сендер қандай мамандықтардың түрлерін білесіңдер?

в/ Мамандықтардың жақсы- жаманы бар ма?

г/ Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

Ж.Аймауытов айтқандай: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе».

- Қай мамандықтың иесі болмасын, бәрін бағалай, құрметтей білуіміз керек. Әр мамандықтың өз пайдасы, қызығы мен қиындығы болады, соған төзе білу керек. Болашақ мамандықтарыңды жүрек қалауымен таңдаңдар, сонда ғана жұмыстарыңның жемісін көресіңдер. Келешекте жақсы маман болып, халыққа қызмет етіңдер!

VI. Үйге тапсырма беру. Ата-анаңның мамандығы туралы әңгімеле. Мамандықтар туралы мақал-мәтелдер айт.



Жұмабала ОМАРОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Тайынша ауданындағы
«Подольск» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛДІ ЖЕТІЛДІРГЕН ҚОРЫҚТАР

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: қорықтардың мақсатымен танысу. **Міндеттері:** 1) табиғатты қорғау жөніндегі ең маңызды шаралардың бірі – қорықтарды ұйымдастыру; 2) оқушылардың өз ойларын ашық айтып, салыстырып, қорыта білу дағдыларын


дамыту; 3) табиғатты қорғай білуге, қасиетін түсінуге, бағалауға тәрбиелеу.

Түрі: саяхат сабақ. **Көрнекілігі:** слайд, кітаптар, суреттер.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау.

Табиғат деген не?



Табиғатта барлық нәрсе өзара тығыз байланыста болады. Табиғаттың бір бөлшегі, ол – адам. Адам айналадағы ортамен, яғни, жермен, көл-өзендермен, жануарлармен, өсімдіктермен үнемі байланысқа түседі.

- Өсімдіктерге не керек?
- Су, жылу.
- Жануарларға ше?
- Тамақ.

- Сонымен, табиғат бұл қандай дүние?

- Экологиялық апаттан біз табиғатты қорғауымыз керек. Экологтар бұл туралы не дейді?

Осындай жерлер Қазақстанда бар. Оларды қорықтар деп атайды. Қорықтардың мақсаты – жануарлардың кейбір түрлерін сақтау және олардың қоршаған табиғатқа бейімделуін зерттеп, саны азайып бара жатқан жануарларды қорғау.

Тапсырма: «Табиғат» тақырыбына сөздік құрастырындар.

Біз саяхатты көрші облыстан бастаймыз (Ақмола облысы):

1. Қорғалжын қорығы (оқушы дайындаған ақпарат).

Бүркіт туралы сөйлесу.

2. Наурызым қорығы (оқушы дайындаған ақпарат).

Барыс туралы сөйлесу.

3. Марқакөл қорығы (Оқушы дайындаған ақпарат).

1-тапсырма. Сөздердің синоним сыңарын тауып, сөз тіркестерін құрастырындар (Көрікті, көмек, еңбек).

4. Батыс-Алтай қорығы (Оқушы дайындаған ақпарат).

2-тапсырма. Сөздердің антоним сыңарын тауып жазындар.

1-қатар	2-қатар	3-қатар
пайда	сирек	алыс

таза терең кең
артық үстінде ұзын

5. Алакөл қорығы (Оқушы дайындаған ақпарат).

3-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңдар:

1. Сақта, сен, туған жеріңнің, көзіңнің қарашығындай, өзен-көлін, тау-тасын, жануарларын.

2. Қорғауы тиіс, табиғатты, баласы, адам.

3. Қамқорлық біз, жасап отырмыз, табиғатқа.

6. Алматы қорығы (оқушы дайындаған ақпарат).

4-тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

Табиғат адамға бәрін береді,бірақ біз табиғатқа қамқорлық жасауды ұмытып кетеміз.

2. Егер ауа бүлінсе, өзендер ластанады, адам да ауырып, зардап шегеді.

7. Ақсу-Жабағылы қорығы (Оқушы дайындаған ақпарат).

5-тапсырма. Мақал- мәтелдерді, қанатты сөздерді аяқта.

1. От пен су –

2. Жері байдың –

3. Адамзаттың табиғатсыз

Оны айтуға табиғаттың

8. Барсакелмес қорығы

(Оқушы дайындаған ақпарат).

6-тапсырма. Жұмбақты шешіңдер.

1. Ауыл сыртында сайда

Жатыр үлкен айна.

Бұл не?

2. Өзі – айлакер, өзі – қу

Жүрген жері – у да шу.

Бұл не?

9. Үстірт қорығы.

(Оқушы дайындаған ақпарат).

Ой қозғау.

Мұғалім: - Өте сирек кездесетіндіктен Қызыл кітапқа енгізілген қызғалдақ қай қорықтың эмблемасы болып табылады (Ақсу-Жабағылы қорығы).

- Қазақстан астанасының символы қандай ағаштар (қайың, қарағай, емен).

Қорытынды:

- Егер құстар, жануарлар, өсімдіктер сөйлей білсе, олар бізге не айтар еді?

- Өсіп тұрған гүлді жұлма.

- Отпен ойнама.

- Ағашты жастай кеспе.

- Бұлақ көрсең, көзін аш.

- Құс ұясын бұзба, құстар – біздің досымыз.

- Орман – атмосфералық ауаны тазартушы.



Алма БАЗАРБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№17 ұлттық өркендеу орта
мектеп-кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗДЕРІ МОЛ БӘЙТЕРЕК – АСТАНА

Мақсаты: «Бәйтерек» композициясы туралы толық мәлімет беру. **Міндеттері:** білімділік – туған ел туралы білімін толықтыру; тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру, сан есім мен етістікті қайталау; **дамытушылық** – жаңа сөздерді қолдана отырып, ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, жаңа сөздерді меңгерту; **тәрбиелік** – туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, өз еліне деген мақтаныш сезім тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді игерту. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, әңгімелеу, ой-толғаныс. **Көрнекілігі:** суреттер, сызбалар, мәтін, тапсырмалар.
«Бізде бір ғана Отан бар.
Ол – тәуелсіз Қазақстан!»

Н.Ә.Назарбаев.


Сабақтың барысы.

I. А) Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу.

- Өткен сабақтағы Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы тақырыбын қайталау. (оқушылар №1 тапсырманы орындайды).

Ә) Сөзжұмбақты шешу.



1. Природа.
2. Независимое.
3. Приказ.
4. Дисциплина.
5. Труд.
6. Жизнь.
7. Обязанность.
8. Принеси.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

II. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылық ояту.

Бәйтерек жайлы өз ойларыңызды айтыңыз. Бәйтерек туралы не білгіңіз келеді? Суреттермен таныстыру.

2. Лексикалық минимум.

Жаңа сөздермен танысу және дұрыс айтуға, жазуға үйрету. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сипаттама беру. Негізгі лексиканы игеру барысында әр түрлі тапсырмалар орындау (№2, №3).

Жаңа сөздер:

Жазылым	Айтылым	Аудармасы
кешен	<i>кешен</i>	комплекс
келісім	<i>келісім</i>	согласие
аңыз	<i>аңыз</i>	легенда
көрініс	<i>көрүніс</i>	проявление
самұрық құс	<i>самұрұқ құс</i>	мифологическая птица
айдаһар	<i>айдаһар</i>	дракон
Ер Төстік	<i>Ер Төстік</i>	сказочный герой
ағаш	<i>ағаш</i>	дерево
өседі	<i>өседі</i>	растет
қолының табы	<i>қолының табы</i>	отпечаток руки
жеп қояды	<i>жеп қояды</i>	съедает
аман алып қалады	<i>аман алып қалады</i>	спасет
ұмтылған	<i>ұмтылған</i>	стремящейся
талас-тартыс	<i>талас-тартыс</i>	спор, тяжба
таңқаларлық	<i>таңқаларлық</i>	удивительное
құрылыс	<i>құрұлыс</i>	сооружение
табыстады	<i>табыстады</i>	вручили

Синонимдер	Антонимдер
Киелі, қасиетті, қастерлі	Бейбітшілік - соғыс

Өмір, ғұмыр, дүние	Жақсылық - жамандық
Аяулы, құрметті, қымбатты, ардақты	Биік - аласа

3. Оқылым. «Астана – Бәйтерек» мәтінін оқып, түсініп, сұрақтарға жауап беру (тапсырма №4).

Мәтіндегі синоним, антоним сөздермен танысу.

4. Грамматикалық минимум

(Тапсырма №5, №6).

а) Мәтіннен берілген сан есімдерді теріп алу (қазақша сан есімді қайталау).

- Заттың нәрсенің санын, ретін, мөлшерін білдіретін сөз табын сан есім деп атайды. Сан есімдер «қанша? неше? нешінші?» деген сұрақтарға жауап береді. Сан есімдер құрамына қарай дара және күрделі болады.

Дара сан есімдер: 1, 10, 20, 9.

Күрделі сан есімдер: 15, 22, 99.

Тапсырма. Сөздерді сұрақтар бойынша теріп жазыңыздар және сөйлемде қандай сөйлем мүшесі болады?

Неңің? Кімнің?	Қайда?	Неше? Қанша?	Нешінші?	Не істейді?

5. Жазылым.

Мәтіннің мазмұнын айтуға дайындау. Берілген сөздер мен сөз тіркестерге тиісті әріптерді қойып


жазу, дұрыс жазылуы мен аудармасын тексерту.

а) Б...йтерек ке...ені, Аял... ала...ан композициясы, Президентт...ң оң қ...лын...ң табы, қазақстанд...қтардың ма...танышы.

ә) Аңыз бойынш..., өм...р ағашы – Б...йтерек, ағ...штың ба...ына, алт...н ж...мыртқа салады, айда... ар жеп қ...яды, ж...мыртқас...н аман алып қ...лады, бейб...тшілік пен келіс...мде өм...р сүру, жа...сылық пен жаманд...қтың арасындағ... талас-тарты...

6. Айтылым.

Сызбаны пайдалана отырып, мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып беру.



III. Әлемге белгілі сәулет құрылыстарын салыстыру.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіну.

Астана – Бәйтерек монументі 2001 жылы дүниеге келді, оның жалпы салмағы 695 тонна металл конструкциядан жасады. Монумент үш бөліктен тұрады. Астана – Бәйтеректің ұзындығы – 97 метр. Эйфел мұнарасы 1889 жылы дүниеге келді. Ол – Париждің белгісі. Ол 12 бөліктен тұрады. Мұнараны 6300 тонна темірден жасады. Эйфел мұнарасының ұзындығы – 317 метр.

Бостандық статуясы 1886 жылы дүниеге келді. Ол – Францияның Америкаға сыйлығы. Бостандық статуясының биіктігі – 93 метр, жалпы салмағы – 2225 тонна. Бостандық статуясы – Американың белгісі.

2-тапсырма. Салыстыр.

	Бәйтерек	Эйфел мұнарасы	Бостандық статуясы
Қайсысы ұзындау?			
Қайсысы қысқалау?			
Қай монумент көнеу?			
Қайсысы жаңалау?			
Қайсысы ауырлау?			

IV. Сабақты бекіту:

- Жаңа сөздердің нешеуі есіңізде қалды?
- Суреттер бойынша сөйлем құрастырыңыз.

V. Сабақты қорыту.

- Сабақтан қандай жаңалық алдыңыздар?
- Достарыңызға Бәйтерек кешені туралы не айтасыз?

VI. Үй тапсырмасы.

Ресейдегі досыңызға, құрбыңызға хат жазыңыз.
(Хат үлгісі беріледі, екі-үш сөйлем жазып келу).

Астанада сәлем хат!

Сәлеметсіз бе! Құрметті әке-шешем! Қалдарыңыз қалай? Үй-іші тегіс аман ба? Денсаулықтарың қалай? Қандай жаңалықтар болып жатыр?

Өзіме келетін болсам, менің жағдайым жақсы. Астана күн санап өсіп келеді. Сол жағалау, тіптен, әдемі.

Астанаға қонаққа келсеңіздер, сіздерді қыдыртамын. Осымен хатымды аяқтаймын, сау болыңыздар!

Хат жазыңыз!
сүйікті ұлыңыз /қызыңыз/

Сабақта қолданылатын тапсырмалар.

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Қазақстан _____ мемлекет.
2. Мемлекетіміздің _____ Астана.
3. Астана қаласы Қазақстанның _____ орналасқан.
4. _____ жылы Ақмола қаласын Астана қаласы деп атау туралы Президенттің Жарлығы шықты.
5. Астана бұрын _____, _____, _____ деп атанған.

6. _____ жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді.

2-тапсырма. Сөздердің аудармасын тап.

Қазақстандықтардың мақтанышы	По легенде
Қазақтанның көрінісі	Дерево жизни
Аңыз бойынша	Удивительное сооружение
Өмір ағашы	Золотое яйцо
Алтын жұмыртқа	Изображает спор, тяжбу
Таңдаулы құрылыс	Проявление Казахстана
Талас-тартысты бейнелейді	Гордость казахстанцев

3-тапсырма. Сәйкестендіріңдер.

Өмір ағашы	салады
Айдаһар	табыстады
Ер Төстік	өмір сүру
Гран-при белгісін	өседі
Алтын жұмыртқа	жеп қояды
Бейбітшілік пен келісімде	аман алып қояды

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. «Бәйтерек» қай қаланың символы?
2. «Бәйтерек» кешенін салу идеясының авторы кім?
3. Қандай аңыздың негізінде жасалған?
4. Ағаштың басына самұрық құс не салды?

Майра ОҚАПОВА,
Павлодар қаласындағы
№18 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

5. Айдаһар не істейді?
6. Бұл аңыз ненің көрінісі?
7. «Аялы алақан» композициясы қалай жасалған?
8. Бәйтеректің биіктігі неше метр?
9. Не үшін Гран-при белгісі табысталды?

5-тапсырма. Етістіктерді осы және өткен шаққа қойыңыздар.

Ауыспалы осы шақ	Нақ осы шақ	Өткен шақ
өседі	растет-	рос-
салады	кладет-	положил-
бейнелейді	изображает-	изобразил-
табыстады	вручает-	вручил-

8-тапсырма. Етістіктерді жіктеңіздер.

Ауыспалы осы шақ: **өседі**, өткен шақ: **өсті**, нақ осы шақ: **өсіп жатыр**

Мен – _____
Сен – _____
Сіз – _____
Ол – _____
Біз – _____
Сендер – _____
Сіздер – _____
Олар – _____

ІЗДЕНДІРЕТІН ҚАТЫСТЫҚ СЫН ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: қатыстық сын есім қалай жасалатыны, анықтамасы туралы орнықты білім беру, еркін мысал келтіруін қамтамасыз ету.
Міндеттері: білімділік – оқушыларды жаңа сөздермен таныстыра отырып, «Ізетті бала» тақырыбы көлемінде түсінік беру, «Қатыстық сын есім» тақырыбынан алған білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойлауға, ізденуге, салыстыруға баулу, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды кішіпейілдікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену, оқушыларды әдептілікке, сыпайлыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жаттығу, іздендіру әдісі, топпен жұмыс жасау. **Пәнаралық байланыс:** ағылшын тілі, өзін-

өзі тану. **Көрнекі құралдары:** интербелсенді тақта, суреттер, бағалау парағы, сұрақтар.

Сабақтың барысы.

1) Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу.

- Балалар, бәріміз бірге айтайық.

Слайд №1.

Қолымызды көтеріп, тұрайық, жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден!

Психологиялық жағдаят жасау.

ә) - Рахмет! Балалар, бүгін бізде ерекше сабақ, сабағымызға қонақтар келіп отыр, сондықтан сабаққа белсенді қатысып, өз білімдеріңді көрсетесіңдер деп ойлаймын.

б) - Балалар, бүгін сабақта кім кезекші?

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

- Қазір нешінші сабақ?

- Қай сабақ?

- Қазақ тілі сабағында тек қана қазақ тілінде сөйлейміз.

Сабаққа бағдар берейік:

Слайд №2.

- Мен үлгілі оқушымын.

- Мен әдепті баламын.

- Мұғалімді ықыласпен тыңдаймыз,

Қазақша көп сөз жаттаймыз (Оқушылармен бірге айтамын).

2) Қайталау кезеңі.

- Өткен сабақтың лексикалық тақырыбы қандай болды?

(**Менің досым және оның келбеті**). Енді сол тақырыпты қайталап жіберейік.

Тақтаға 2-3 оқушыны шығарып, «Менің досым» атты монологты сұраймын.

- Жақсы, балалар, назарларыңызды интербелсенді тақтаға аударайық:

Менің досым.

Менің досым бар. Оның аты – Қарлығаш. Ол алтыншы сыныпта оқиды. Қарлығаш он бір жаста. Ол дос. Оның мінезі Қарлығаштың шашы Досымның көзі Ол өте, қыз.

Керекті сөздер: жақсы, жұмсақ, қара, ұзын, мейірімді, ақылды.

Көп нүктенің орынына керекті сөздерді қою.

- Мына қойылған сөздер қай сөз табына жатады?

- Сын есім дегеніміз не? Сын есімнің қандай мағыналық топтары бар?

- Жарайсындар, балалар, грамматикалық тақырыпты да жақсы меңгерген екенсіңдер.

3) Мотивациялық кезең. Оқушылардың жақсы қасиеттері туралы суреттері тақтада ілулі тұрады:

- автобуста орын беруі;

- үлкен кісілерді жолдан өткізуі;

- Балалар, суретте кімдер суреттелген?

- Олар не істеп тұр?

- Олар қандай?

Оқушылардан күтілетін жауаптар: бұл балалар әдепті, үлкенді сыйлай біледі және сыпайы. Ал бұл сөздің синонимі бар, бұл сөзді тапқанда біз сабақтың **тақырыбына шығамыз:**

- 1) киім ілетін орын – ілгіш;
- 2) атам мен әжем кім? – зейнеткер;
- 3) кіреміз, шығамыз, ашамыз, жабамыз нені? – есікті;

4) бормен жазамыз қайда? – тақтаға;

5) орындық басқаша – тақ;

6) крупный қазақша – ірі.

- Дұрыс. Ізетті дегеніміз әдепті, сыпайы. Бұл – синонимдес сөздер.

- Сабақтың тақырыбы қандай деп ойласыңдар?

Оқушылардың назарларын пирамидаға аударамын, **пирамидада:**

сөз

сөз тіркесі

сөйлем

монолог

диалог

сөздері жазулы тұрады. Сабақта біз жаңа сөздерді меңгереміз, сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастырамыз.

4) Жаңа тақырып:

№3 слайд.

Жаңа сөздер:

ізетті – вежливый, воспитанный;

елгезек – чуткий;

сыпайы – вежливый;

орын беру – уступать место;

үлкендерді сыйлау – уважать взрослых;

риза болу – быть довольным.

Сөздерді оқушылармен бірге оқимыз.

«Елгезек» сөзінің синонимын айтамын – «сезімтал» Сөйлем құрастырамыз. 3 минут.

Тыңдалым:

Ізетті бала

Арман мен Аян алтыншы сыныпта оқиды. Олар – жақсы дос. Екеуі автобустың алдыңғы орындығына отырды. Аялдамада кәрі әжей кірді. Оның қолында ауыр сөмкесі бар екен. Елгезек Арман әжейдің қасына келді. «Әже, мына орынға отырыңыз» деді. Арман үлкен адамға өз орынын берді. Ал, Аян әжені көрсе де, орнында отыра берді. Әжей Арманның орынына отырды. Екі аялдамадан соң ол түсуге дайындалды.

Әже сөмкесінен екі алма алды, оны балаларға берді. Әже Арманның ізеттілігіне риза болды. «Үлкендерді сыйлағаның үшін» деді мейрімді әже Арманға. Арман алманы жеп, күліп тұрды. Аян алмасын жеуге ұялды.

Тыңдалым бөлігі бойынша сұрақтар әр партада жатады, балалар жұппен жұмыс істейді.

- Мәтін кімдер туралы?

- Аян мен Арман қайда кіріп отырды?

- Аялдамада автобусқа кім кірді?

- Әженің қолында не болды?

- Әжеге орынды кім берді?

- Әже кімге риза болды?

Мұғалім сөзі:

- Дұрыс, балалар, кішіге мейірімді, досыңа қайырымды, адал болуға тырысыңдар, ертең өсе келе сендер Отандарыңның мақтанышы боласыңдар. Жаман қылықтардан жирену керек, өздеріңді тек жақсы қасиеттерге баулу керек.

5) Рефлексия.

№5 слайд.

- Балалар, ізетті бала болу үшін не істеу керек екендігін анықтаймыз: **сәйкестендіру:**

Үлкендердің алдын кеспеу керек;

Оқу құралдарын күтіп, таза ұстау керек;

Сабақты жақсы оқу керек;

Ата-аналардың тілін алу керек.

Топпен жұмыс :

1-топ – «Достар».

2-топ – «Құрдастар».

3-топ – «Сыныптастар».

Бағалау парақтарымен таныстыру.

Әр оқушы өз-өзін бағалап отырады, барлығы – үш тапсырма.

1-топ тапсырмалары:

1) Берілген сын есімдерді қатыстық және сапалық есімдерге бөліп жаз:

Ақылды, момын, қара, қалалық, күзгі, семіз, түнгі, жаман, ұзын, қысқы.

2) Әдепті бала – әдепсіз бала. Салыстыру жұмысын жасау.

3) Жағдаятты шешу. «Мұғалім дәптерлерді еденге түсіріп алды.....»

2-топ тапсырмалары:

1) Берілген зат есімдерді қатыстық сын есімдерге айналдыр:

Ақыл, әдеп, тәртіп, үлгі, өнеге, құрмет, ізет, парасат, мәдениет.

2) Аян мен Арман. Венн диаграммасын жасау.

3) 29-бет, «Ізетті бала» өленін рөлге бөліп оқу.

3-топ тапсырмалары:

1) Мәтіннен сын есімдерді теріп жаз, 4 сөз тіркесін құрастыр.

2) Кластер бойынша топпен әңгімелеу.

3) Мәтінге жоспар құрастырыңдар.

5) Қорытындылау:

Бейнежағдаят. Бұл жағдаятта сабақтан шыққан оқушылар жолдан өте алмай тұрған апайды шығарып салады.

Сұрақ: - Балалар, бұл қандай жағдаят?

6) Бағалау.

7) Үй тапсырмасын беру.

Деңгейлік тапсырмалар:

3-деңгей: жаңа сөздерді жаттау.

2-деңгей: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау.

1-деңгей: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау, әдептілік туралы 5 мақал-мәтелді жаттап келу.

Анар МҰҚАШЕВА,
Ю.А.Гагарин атындағы
№3 орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха қаласы.

АНА ТІЛІ – ҰЛТ ТІЛІ

Сабақтың мақсаты: тақырыпты бүгінгі өмір талабымен байланыстыру. **Міндеттері:** *білімділік* – «Ана тілі – ұлт тілі» тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін деңгейлік тапсырмалар арқылы тереңдетіп меңгерту; *дамытушылық* – оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылығын арттыратын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, тірек-сызбаларды қолдана отырып, ауызекі тілде сөйлеуге дағдыландыру; *тәрбиелік* – оқушыларды адамгершілікке, еңбекқор болуға, ата-анасын, ана тілін, мемлекеттік тілді сыйлауға, құрметтеуге, үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабағы. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ой толғау, аударма, мәнерлеп оқу, көрнекілік, топтық-жеке жұмыс түрлері, талдау, іздену. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, орыс тілі, ән-күй, шешендік өнері. **Көрнекіліктері, құрал-жабдықтары:** нақыл сөздер, сабаққа арналған портреттер, компьютер, слайдтар, бағдарлы қима қағаздар, тірек-сызбалар, музыка.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Оқушыларды сабаққа бағыттау. Сабақ әнұранның орындалуымен басталады. (Әнұран орындалады, оның қажеттілігі, авторлары туралы қысқаша мәлімет беріледі).



II. Жан-жақты білімдерін тексеру кезеңі.

(Кезеңнің негізгі міндеті – оқушылардың білімін өткен тақырыптар бойынша сайыс түрінде тексеру).

Топ оқушылары өздеріне ұнаған ұлттық оюларды таңдау арқылы 2 командаға бөлініп жұмыс жасайды, өздерінің топ атауын, оған сәйкес ұрандарын таңдайды. Әр конкурс бойынша жеңіп отырған команданың қоржынына сыйлықтар салынып отырады.

1-сайыс: *Команданы таныстыру (қағаздарына топ атауы, ұраны, эмблемасы түсіріледі).*

2-сайыс: Интерактивті тақтадағы нөмірленген жұлдызшаларды таңдап, викторина сұрақтарына жауап беру керек. Осы тапсырма кезінде сазды әуен естіліп тұрады. Екі топ бес-бес сұрақтан таңдайды.



• **Отбасы модулі бойынша:**

1. Қазақ отбасында кімнің орыны ерекше? Неге? (Өкенің, өйткені, ол – отбасы тірегі).
2. Қара шаңырақ сөзінің мағынасы қандай? Қазақ дәстүрі бойынша қара шаңырақтың иесі кім? (үй, отбасы деген сөз, оның иесі – кенже бала).
3. Ұлды әке, қызды ана тәрбиелеу керек. Осы ұғыммен байланысты қандай мақал білесің?
4. Киіз үйдің құрылысы? Оның түрлері? (киіз, уық, кереге, шаңырақ; жаздық, салтанатты, қойма, отау, жорыққа арналған).
5. Ұлдың баласы кім? (немере).
6. Қазақ отбасында дастарқанға бірінші кім отырады?
7. “Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада” деген мақалдың орысша баламасын айт.
8. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі қашан қабылданды?

9. ҚР-ның Конституциясы қашан қабылданды?

10. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?

(10-сұрақтағы «Тіл» тақырыбын ана тілі тақырыбымен байланыстырып, жаңа сабаққа көшу кезеңін ұйымдастыру. Оқушылардың мемлекеттік тіл туралы, өздерінің ана тілдері туралы пікірін тыңдау. Ана тілі туралы жаттаған өлеңдерін айтқызу).

III. Жаңа сабаққа көшу кезеңі.

(Бұл кезеңнің негізгі міндеті – оқушыларға жаңа материалды меңгерту, одан нәтиже алу жолдарын ұйымдастыру).

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

Бүгінгі сабақтың тақырыбы:

«Ана тілі – ұлт тілі».

Сабақтың эпиграфы: елбасымыз


Н.Ә.Назарбаевтың «Ана тілінен артық бұл дүниеде қымбат не бар екен!» деген сөздерімен басталады.

Сабақ барысының жоспарымен танысайық.


Оқушылар 2 топқа бөлінген күйде жаңа тақырып бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындай береді.

IV. Жаңа сабақ.

(Кезеңнің негізгі міндеті – тақырып бойынша оқушыларға нақтылы білім беру, жүйелі түрде түсіндіру, алған білімдері бойынша ауызекі сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру).



- Осы тақырып бойынша диаграмма құру.



- | | |
|-------------------|------------------------|
| - тілді құрметте; | - тілді құрметтемеу; |
| - тілді біл; | - тілді білмеу; |
| - тілді дамыту; | - тілді дамытпау, т.б. |

V. Жаңа сабақты бекіту.

(Кезеңнің негізгі міндеті қабылданған ойды түйіндеу, ойда сақтау қабілетін дамыту).

«Аукцион» ойыны арқылы өткізейік. Арнайы экранда түрлі ұлттық аспаптар аукционға қойылады. Нөмірленген аспаптар жаңа сабақ тақырыбын бекітуге арналған тапсырмалар ұсынады.

1. Сұрақ-жауап:

- Ана тілі кімнің тілі? (ой жеткізу).
- тест сұрақтары.

4. ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ.

Дұрыс аудармасын тап

Тілді құрметте	Язык – душа народа
Анамның тілі	Язык нации
Ұлт тілі	Уважай язык
Тіл мәселесі	Духовное богатство
Тіл – халық жаны	Проблема языка
Рухани байлық	Язык матери

Мұғалім сөзі: - Ал, енді, құрметті оқушылар, ана тілі біздің бойымызға анамыздың ақ сүтімен сінетін болса, еліміздің аты әлемге әйгілі әншісі, сазгері, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың «АНА ТУРАЛЫ ЖЫР» әнімен сабағымызды аяқтайық. (Оқушы есінде қалатын слайдтағы фото суреті көрсетіледі).

VI. Үй тапсырмасы.

(Негізгі міндеті – үйге берілген тапсырманы хабарлау, оның орындалу жолдарын түсіндіру, жауапкершілік қабілетін арттыру):

1. Мәтінді мазмұндауға дайындау, сол арқылы сұхбаттасуға да әзір болу;

2. Жаңа сөз тіркестерімен 2 хабарлы сөйлем, 2 сұраулы сөйлем құрап келу;

3. **Тіл, байлық** – сөздерімен фонетикалық талдау жасап келу.

VII. Қорытындылау.

1. **СТРАТЕГИЯ** «Нені білдім?», «Нені білгім келді?». Бұл бөлім «*Бағдаршам*» әдісі бойынша өтеді.

2. Мұғалім сауалдары:

- Балалар, бүгінгі «Ана тілі» тақырыбына арналған ашық сабақ ұнады ма?

Несімен ұнады?

Нені білдіңдер?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін алдарыңдағы бағдаршамның түстерін білдіретін қағаздарды көтеріңдер.

Сабақтың ұнаған кезеңдеріне «*ЖАСЫЛ*», ұнамаған кезеңдеріне «*ҚЫЗЫЛ*», шешім қабылдамағандар «*САРЫ*» түсін көтеріңдер.

(Не себепті екені туралы өз ойларын білдіреді).

- Осымен, сабағымыз аяқталды.

Келесі кездескенше сау болыңыздар!

МЕН НЕ БІЛЕМІН?

Сабақтың мақсаты: алдыңғы сабақтарда алған білімдерін пысықтау. **Міндеттері:** а) меңгерген сөздерді әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйрету, ойды жүйелеп айту дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарының дұрыс айтылып, жазылуына назар аударту; ә) оқушылардың сөздік қорын молайту. Тартымды, қызықты ойындар арқылы ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту. Есте сақтау, жаттау, тапқырлық қабілетін жетілдіру; б) оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыра отырып, тіл мәдениетін жетілдіру. **Түрі:** оқушылардың білімдерін ойын элементтері арқылы қорыту, сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, саяхат ұйымдастыру, суретпен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** математика, дүниетану. **Көрнекілігі:** әріптер тізбегі, тақырыптық суреттер, түрлі-түсті сызбалар, ойыншықтар, үлестірмелі кима қағаздар, сандар тізбегі.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:
1) сәлемдесу; 2) сыныпты түгелдеу; 3) сабаққа назарын аудару; 4) сұрақ-жауап.

- Бір жылда неше мезгіл бар?
- Бір жылда 4 мезгіл бар.
- Қыс айларын атап бер?
- Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- Қыста күн қандай болады?
- Қыста күн суық болады.

II. Сабақтың мақсаты мен барысын айту.

III. Жаңа сабақты жүргізу.

- Балалар, бүгінгі сабақ – алдыңғы сабақтардан өзгеше сабақ. Бүгін біз саяхатқа шығуды ұйғарып отырмыз. Мұхиттарға шығып, әр аралға тоқтап, бізге дайындалған жұмбақтарды шешіп, сұрақтарға жауап береміз.

Сынып екі топқа бөлінеді: 1-топ – «Алғырлар» тобы. 2-топ – «Тапқырлар» тобы.

1-арал. «Кім тапқыр?» ойыны арқылы «Дыбыстар әлеміне» саяхат.

а) Сұрақ-жауап:

- Орыс алфавитінде қанша әріп бар?
- Орыс алфавитінде 33 әріп бар.
- Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
- Қазақ алфавитінде 42 әріп бар.
- Қазақ тіліне тән қанша әріп бар?
- Қазақ тіліне тән 9 әріп бар.

б) «Ойлан, тап» ойыны. Жұмбақтарды шешу арқылы қазақ тіліне тән әріптерді табу.

Әжеде бар, Аанада жоқ.

Әкеде бар, Атада жоқ. (Ә).

Баласын ертіп соңынан,

Сүңгіп жүзіп үйретті.

Су жұқпайтын тонына

Кім білмейді үйректі. (Ү).

Ұя, ұлу, ұшақтың

Басын бастап беремін.

Құс жұмыртқа бұтақтың

Ортасында жүремін. (Ү).

Жалғыз таяқ болып тұр,

Төбесінде доп тұр

Бұл не? (І).

Өмірлімін өлеңмен

О деп қалар кейде тек

Белбеуімді көрмеген.

Ойлап көрші зердемен

Қай әріппін сонда мен. (Ө).

Атада жоқ, Ағада бар.

Шегеде жоқ, Тағада бар. (Ғ).

Қалқиған ұзын құлағы,

Еслендеп қорқып тұрады. (Қоян).

Шаңда бар, Желде жоқ.

Тозаңда бар, Құйында жоқ. (Ң).

Гауһарда бар, Гүлнарда жоқ.

Жауһарда бар, Сәуледе жоқ. (Һ).


2-арал. Сандарға саяхат жасай отырып, «Кім жылдам?» ойынын жүргізу.

Адасқан сандарды ретімен жазып шық.

6 3 5 9 8 2 4 7 1

3-арал. «Балық аулау» ойыны арқылы сұрақтарға жауап беру, суреттермен жұмыс жүргізу. Сұрақтар жазылған түрлі-түсті алты балықты тақтаға ілеміз, оқушылар өздері таңдаған балықтардағы сұрақтарға жауап береді.


1. Синий – көк түсті балық. «Көкөністер».



2. Желтый – сары түсті балық. «Оқу құралдары».




3. Красный – қызыл: «Жемістер».



4. Зеленый – жасыл: «Жануарлар».



5. Қара – черный: «Аңдар».



6. Коричневый – қоңыр: «Киімдер».



4-арал. «Ойыншықтар әлемі». Қоржыннан алынған ойыншықтарды үлестіріп беру. Аралда табылған ойыншықтар арқылы дене мүшелерін көрсету, сұрақтарға жауап беру.

- Басын көрсетіңдер!
- Оң қолын көтеріңдер!
- Сол қолын көтеріңдер!
- Шашын көрсетіңдер!
- Көзін көрсетіңдер!

5-арал. Сергіту сәті:

Оң қолымда – бес саусақ,
 Сол қолымда – бес саусақ.
 Қосып едім екеуін,
 Болып шықты он саусақ.
 Бір отырып, бір тұрып,

«МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН»

1-жүргізуші: - Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, студенттер! Бүгін біз қазақ сахарасындай алып, әлем әдебиетінің жарық жұлдыздардың бірі – Абай туралы сыр шертпекпіз.

2-жүргізуші:

- Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,- деп ұлы ақын жырлағандай, кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші: - Ұлы Абай. Қазақ ішінен бұл есімді білмейтін есті кісіні табу қиын. Ұлт тағдыры таразы басында тұрған қазіргі алмағайып заманда елді ел қыламын, ұлтты өркендетемін дейтін әрбір азамат Абайға ден қойғаны дұрыс.

2-жүргізуші: - Абай – дана, Абай – дара қазақта. Абайдың пайымдауында, адамның бойындағы барша ізгіліктің басы отбасынан басталады. Ақын отбасында ата-анадан алатын тәрбиені өте жоғары бағалаған. Сондықтан да әрқайсымызды адалдыққа,

Бір отырып, бір тұрып,
Сәл демалып алайық!

6-арал. «Отбасы жайлы үлестірмелі қима қағаздар арқылы сөздік жұмысын жүргізу».

Дедушка – ата. Бабушка – әже.

Папа – әке. Мама – ана.

ТУҒАН КҮН

Бір аулада ойнаймыз

Самат, Таңат, Шұғыла.

Туған күнді тойлаймыз,

Кезекпенен жылына.

СЫЙЛЫҚ

Бүгін, бүгін, бүгін күн,

Туған күні інімнің.

Ойыншық іздеп ініме,

Дүкендерге жүгірдім.

7-арал. «Жұмбақ шешу».

Қабат-қабат қаттама, Есің болса аттама. (Кітап).

Көреді бәрін өзгенің, Көре алмайды өздерін. (Көз).

Екі атым бар тынбайтын,

Өзімді ғана тыңдайтын. (Аяқ).

Бірін-бірі коштаған, Бір үйден көрдім,

Қырық екі дос-жаран. (42 әріп).

Аяқпен теп, баспен соқ.

Қол тигізбе, құқық жоқ. (Футбол).

Оңға да бұрады,

Солға да бұрады.

Тәртіп сақтап әрқашан,

Жолды нұсқап тұрады. (Бағдаршам).

Сабақты қорытындылау.

Бағалау.

парасаттылыққа, адамгершілікке, сұлулыққа апарар жол ана сүтінен, әкенің пәрменді үлгісінен деген ойдың желісі Абай өлеңдерінде айқын аңғарылады.

Бір оқушы «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: - Абайдың халыққа деген махаббаты жаттанды емес, сондықтан да ол өз тұсындағы қазақ халқы туралы ашына сөйлеп, ащы ақиқатты аяусыз айта білген.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.. дегендегі “**мыңы**” – қазақ халқы. Қазақ қоғамы үшін қабырғасы қайысып, қан жылаған Абайды өз жұрты түсіне алмады.

2-жүргізуші: - Абай өз халқының ең үлкен жанашыры, жан пида азаматы болды. Сол себепті өз халқының дертімен дерттенбей, оның қасиетімен жуынбай тұра алмады.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін оқу.

Ән. «Жаса, Қазақстан». Сәттібай, 3-топ.

1-жүргізуші: - Ұлы ақын бала тәрбиесіне, жастардың ой-жүйесіне қатты көңіл бөлген. Сондықтан да болар өлеңдерінің көп бөлігі үлгі-насихат түрінде берілген.

2-жүргізуші: - Ел болғымыз келсе данышпанның өсиетін өмірімізге серт қылайық. Оның кәусар жырына шомылып тазарайық. Абаймен толығып кемелденейік.

Оқушылары «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өзгеге көңілім

тоярсың», «Әнді сүйсең, менше сүй!» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

1-жүргізуші: - Абай – лирик ақын. Абай жүрегі сыр мен жырға толы. Ол жүрегін толықтырған қуанышты да, назды мұңы мен толқынды ыстық ойын да, сезімін де лирикалық жырларға табыс еткен.

Ән орындалады.

2-жүргізуші: - Абай өз өлеңдерінде табиғатты адам қоғамымен, күнкөріс әрекетімен байланыстыра отырып, адам мен табиғатты кезектесе суреттейді. Табиғаттың жылуымен адам жанына жылылық, шуақ, көтеріңкі көңіл келетінін нанымды жырлайды. Табиғат жайлы өлеңдеріне кезек берейік.

«Күз», «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры», «Нұрлы аспанға», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдері оқылады.

Ән. «Есіңе мені алғайсың».

1-жүргізуші: - Абай бабамыз орыс классик ақындарының өлеңдерін қазақша сөйлетті. Ендігі кезекті аударма өлеңдеріне берейік.

Оқушылар «Қараңғы түнде тау қалғып», «Шегіртке мен құмырысқа» өлеңін оқиды.

2-жүргізуші: - Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор екендігіне көз жеткізесің. Ол адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелейді. Адам өмірінде кездесетін қиыншылықтың өзін де сабырмен қарсы алуға шақырып, өнерге, білімге құштарлықты адам баласының дүниетанымының жан-жақты болуын айтады.

Оқушылар **19, 31**-қарасөздерін оқиды.

- Ал, «Ескендір» поэмасында әділдік пен жауыздықты реалистік негізде суреттейді.

1-жүргізуші: - Абай – өлмес өлеңдерімен қатар Чайковскийдің, Глинканың, Рубинштейннің романстарынан асып түспесе, кем түспейтін ән-романстар шығарған адам.

“Айттым сәлем Қаламқас”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Қараңғы түнде тау қалғып”, “Амал жоқ қайттым білдірмей”, “Жарқ етпес қара көңілім не қылса да” романстары осы уақытқа дейін сырлы бояуын оңдырмай халық арасында орындалып келеді.

“Айттым сәлем Қаламқас” әнінің бейнебаяны көрсетіледі.

2-жүргізуші: - Бүгін ХХІ ғасыр басында Абайдың шығармашылығынан қазаққа қажет руханилықты табамыз. Абай адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап береді. Ол – күнделікті тіршілігімізді, биік адамгершілікке дейінгі бүкіл рухани әлемімізді тегіс қамтитын жан-жақты құбылыс.

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Ақыл», «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» өлеңдері оқылады.

Ән. «Алға, алға, қазақ жігіттері».

1-жүргізуші: - Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық идеологиямыз. Абай өлмес мұра қалдырды. Оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ғұмырлық парызымыз.

Сон Паскалдың орындауында **“Көзімнің қарасы”** бейнебаянын тамашалайық.

2-жүргізуші: - Абай шығармалары біз үшін

аса қымбат мұра екендігін, оның қазақ әдебиеті тарихында ерекше орыны бар классик ақын екендігін дәлелдеді. М.Әуезов Абайды «қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күншуақты асқар биігі» деп атауы да жайдан жай емес.

1-жүргізуші: - «Болмасаң та ұқсап бақ» деп Абай атамыз айтқандай, ақын болуға құлшынысы бар 1-курс студенті Айнұрды Абайға арнап жазған өлеңін оқу үшін ортаға шақырайық.

2-жүргізуші: - Ұлы Абайдың құрметіне арнаған кешімізді Сағынғали Сейітовтың «Кім?» өлеңімен аяқтағымыз келеді.

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Өзіне-өзі орнатып ескерткішті

Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім?

1-жүргізуші:

- Көрікті көңілде – жыр, қолда - қалам

Өмірдің өріне өрлей басқан қадам.

Қазақтың өлеңінің ұлы атасы,

Ол – Абай, Ұлты – қазақ, Аты – адам!

2-жүргізуші:

- Бүгінгі кешке қатысқан студенттерге алғысымызды білдіреміз.

1-жүргізуші:

- Абай атамыз айтқандай, асыл қасиеттерді бойымызға сіңіріп, адамгершіліктің кәусар суымен сусындайық, достар.

Бірге:

- Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе,

Адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге.

Айнұр ШӘКІРОВА,
Алматы қаласындағы
№27 гимназияның мұғалімі.

МЫҢ БІР МАҚАЛ, ЖҮЗ БІР ЖҰМБАҚ

(сайыс сабақ)

Сабақтың мақсаты: оқушыларды белгілі бір тақырыпқа байланысты мақал айта білуге, жасырылған жұмбақтың шешімін табуға үйрету. **Міндеттері:** а) мақал мен мәтелді айыра білу ерекшеліктерін үйрету, жұмбақтың қыры мен сырын тереңірек ұғындыру; ә) мақал айту арқылы оқушылардың ақыл-ойын, сана сезімін, танымдық қабілеттерін, білімділігін, сөз саптауларын дамыту; б) халық ауыз әдебиетінің түрлерімен таныстыра отырып, балаларды адамгершілікке, адалдыққа, ата – баба асыл өсиеттерін ұмытпай отыруға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** әңгімелеу, түсіндіру, оқушыларды жарыстыру. **Көрнекілігі:** төсбелгілер, кітаптар, қанатты сөздер, салт-дәстүрге байланысты заттар, суреттер. **Түрі:** ойын, жарыс. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру.

Сайысқа қатысушы топтар ортаға шығады. Әр топта – бес оқушыдан. Топ жетекшілері сайланады.

Сайыстың барысы:

1. Өздерін таныстыруы, ұраны, төсбелгісі, аты.
2. Мақалдар сайысы.
3. Жұмбақтар сайысы.
4. Көрермендер сайысы.

5. Қорытынды бөлім.

1-бөлім:

Сайыскерлер өздерін таныстырады.

Сайыстың шарты.

2-бөлім:

- а) сөзге мақал құрастыру;
- ә) берілген мақалдардың жалғасын табу;
- б) сөздің мағынасын ашу.

3-бөлім:

- а) жұмбақ шешу;
- ә) жұмбақ дайындап келу.

4-бөлім:

- а) көрермендерге жұмбақ беру;
- ә) мақалдар мағынасын ашу.

5-бөлім.

Жұмбақшыға жұмбақ жасырады, соның тапқан шешуіне мақалшы мақал құрастыру керек.

Сайыс басталмас бұрын әділқазылар алқалары сайланады. Сайыс төрт жол өлең шумағымен басталады.

Әрі қатты, әрі тәтті өмірде

Келген жоқпыз кешке бекер көруге.

Тиістіміз болашақтың алдында

Тік түрегеп, тура жауап беруге.

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» дегендей, оқушылардың тапқырлығы мен ой-өрісін тексеру мақсатында сайысымызды 2-бөлімін бастаймыз.

Бірінші кезек. Мақалды құрастыру:

- а) еңбек; ә) ана тілі; б) достық.

Екінші кезек. Мақалды жалғастыру:

1. Баланың ұяты – әкеге, (қыздың ұяты – шешеге).
2. Атаңа не қылсаң, (алдыңа сол келер).
3. Туған жердей жер болмас (туған елдей ел болмас).

4. Батыр туса – ел ырысы, (жаңбыр жауса – жер ырысы).
5. Екі жақсы қас болмас, (екі жаман дос болмас).
6. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді; (алтау ала болса, ауыздағы кетеді).
7. Әдепті елдің баласы, (алыстан сәлем береді).
8. Ұяда не көрсең, (ұшқанда соны ілерсің).
9. Сөз жүйесін тапса, (мал иесін табар).
10. Жақыныңды жаттай сыйла, (жат жанынан түңілсін).

Үшінші кезек. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашу.

1. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды (кеш, жәй).
 2. Тілдің ұшында тұр (ұмыту, жеткізе алмау).
 3. Ит өлген жерде (алыс, қашық).
 4. Қас пен көздің арасында (лезде, тез, жылдам).
 5. Төбе шашы тік тұру (корқу, үрейлену).
 6. Тайға таңба басқандай (анық, нақ).
 7. Үріп ауызға салғандай (әдемі, сұлу).
- 3-бөлім. Жұмбақтар шешу.

1. Тиіп кетсе жырлаған, дауысы көпке ұнаған (Домбыра).
2. Бір кітаптың парағы, күнде азайып барады (Күнтізбе).
3. Таудан – биік, теңізден – терең (Ақыл).
4. Жаңылмастан жетеуі кезек қызмет етеді (Апта күндері).
5. Өзім сөзден тұрамын, аяқтаған ойды құрамын (Сөйлем).

4-бөлім. А) Көрермендерге жұмбақ беру.

1. Шік түсті, бүк түсті,
Алшы тұрды, тәйке тұрды,
Шеше алады бұны кім? (Асық).
2. Қызыл қырман ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз).

3. Аппақ дала, қара дән,
Дәнін сепкен – түсінуге жараған (Әріптер).
 - Б) Мақалдың мағынасын ашу.
 4. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің.
 5. Күлме досыңа, келер басыңа.
 6. Ата көрген – оқ жанар, шеше көрген – тон пішер.
- 5-бөлім. Қорытынды.

Жұмбақшыға жұмбақ жасырылады, соның тапқан сөзіне мақалшы мақал құрастыру керек.

1. Жарық қылып қостоғайдың етегің,
Айтшы ол не екенін? (Көз)
Көз – қорқақ, қол – батыр.
2. Білімнің дәнін тереді,
Балаға тәлім береді (Ұстаз).
Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы.
3. Өсіп тұрған бұл не?
Жаз болса жайнап,
Саясында ән салып,
Құстар жүрген сайрап
Салқын түссе шешіліп,
Қалады өзі жайрап (Ағаш).
Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.
4. Өзі қысқа, өзі нұсқа,
Сөз қаймағын есіне ұста (Мақал).
Мақал – сөздің мәйегі.
5. Оң жағында – бес сарбаз,
Сол жағында – бес сарбаз (Саусақ).
Саусақ бірікпей – ине ілікпейді.
Сабакты қорытындылау.
Сайыскерлердің білімдерін, тапқырлықтарын
саралау үшін сөз кезегі әділ қазылар алқасына беріледі.
Жеңімпаздарды анықтап, марапаттайды.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Күәлігі берілген.

Басауға 30.04.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1120. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№5, 2014 ж., 144 бет, Алматы.